

«Білім айнасы» 2024 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы қаңтар 2024 ж. №01 (01-журнал)  
Приложение к газете «Білім айнасы» январь 2024 г. №01 (01-журнал)**

*Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.*

*Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.*

*Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.*

**Аты:** «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

**Название:** Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

**Тілі:** қазақша, орысша.

**Язык:** казахский, русский.

**Негізгі тақырыптық бағыты:** білім саласына арналған танымдық газет.

**Основное тематическое направление:** научно-познавательная газета для образовательной сферы.

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы

**Территория распространения:** Республика Казахстан

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.*

**Астана, 2024 жыл**

**Мазмұны:**  
**Содержание:**

1. Асыллов Н.Р., Копеева М.Ж. – Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан.....	3
2. Юсупова А.О. – Использование интернета подростками.....	4
3. Гумарова М.Н. – Әлем мәдениеті.....	7
4. Серік А. – «Кітап оқудың пайдасы».....	12
5. Исахаева Г.Х. – Металды түйістіріп пісіру.....	13
6. Жақсылықов Д. – Ұлттық спорттың өркендеуі.....	15
7. Супатай М. – Еңбек заңнамасын бұзудағы қылмыстық жауаптылық.....	18
8. Маметова С.Х. – Дене шынықтыру сабағында Баскетбол дамуының ойын ережелері.....	21
9. Розметова М.Х. – Болашақ дизайнер мамандарын заманауи техникалармен жұмыс жасау қабілетін арттыру арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру.....	24
10. Тажиметова Р.Ж. - Киім дизайны мамандығының оқу бағдарламасында отандық киім үлгілерін жасай алу қабілетін дамыту мәселелері.....	26
11. Ажибекова Г.Ш. - «Масғұт» поэмасындағы кейіпкер даралығы.....	30
12. Жүніс Б.Н. - Абайдың «Бірінші қарасөзі».....	32
13. Байтелиева А.Б. - Бала отбасының айнасы.....	37
14. Әбіләз Н.К. - Бақаның әлегі.....	38
15. Козыбаева А.Ж., Наурызбаева З.Б. - Бал және оның емдік қасиеттері.....	41
16. Айтахунова Г.Ш. - А.Құнанбайұлының қарасөздері.....	46
17. Қайырова Р.Ү. - Ойын арқылы оқыту қағидатын жүзеге асыру маңыздылығы.....	48
18. Джунаева Ж.М. - Мектепалды сыныбында балаларға патриоттық тәрбие беру мазмұны.....	50

**Асыллов Нурасыл Рустемович**  
3 Б сынып оқушысы  
**Копеева Мирамгуль Жолдыбаевна**  
анасы

### **Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан**

*Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға.  
А.Құнанбаев*

Адам баласы дүниеге келген соң өміріне жауапкершілік алып, өзіне ізгі мақсаттар қояды. Қабілеттері мен қасиеттеріне қарай дұрыс таңдау жасауды да үйренеді. Мамандық – әр адамның болашақта сүйіп жасайтын жұмысы. Бұл туралы әйгілі ғалым Ф.Зеер “Мамандықты дұрыс таңдау - өмір жолының сәттілігінің негізі” дейді.

Осындай өз мамандығына дұрыс таңдау жасаған Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп мектебі 3 Б-сынып жетекшісі Жанар Қымбатовна туралы сөз қозғағым келеді. Ол әр оқушыға ақылына ақыл, біліміне білім қосып, мыңдаған үлгілі оқушыларды оқытып, кейінгі ұрпаққа ғибраттылықты үйретіп, қоғамға еңбегі сіңген ардақты ұстаз. Мұғалім оқушының екінші анасы болғандықтан, оның тәртібі мен тәрбиесіне жауапты тұлға. Б.Момышұлы атамыз “Тәртіпке бас иген құл болмайды” дейді. Әр үйдің ерке баласының басынан сипап, оларға тәртіпке бағыну қажет екенін ұғындыра білген. Ол – оқушыларға қазақтың тәрбиесін сіңіре білген білікті маман. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы демекші, білімді тәрбие арқылы беру жүрегі адал ұрпақты көбейтеді.

“Мектеп - кеме, білім - теңіз” демекші, мұғалім білім жолына оқушыны дұрыс апаруы қажет. Менің ойымша, қиын тақырып деген болмайды, тек дұрыс түсіндіру жолдары мен әдістері бар. Елбасымыз “Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын уақыт” дейді. Әрине, кемелді болашаққа нық қадам басудағы негізгі құрал-білім. Осындай сапалы әрі жүйелі берілген білім арқылы нағыз интеллигент адамды даярлап жатыр десем, артық айтқан болмаспын.

Жанар Қымбатовнаның ерекшелігінің бірі - әр оқушының потенциалын ашу білуі. Оны әрі қарай дамытып, сүрінсе қайта шабыттандыра алуы. Әр адамның қабілетін ашу үшін руханияттылық қажеттілігін түсіндіруі. Бұл бір рухани жолда Хакім Абайдың “Толық адам” идеологиясын айту. Адалдық, биік парасат, жақсыны қастерлей білетін қасиетті көрсету. Міне, ұстаз бес қана әріптен құралса да, еңбегі биік белестерден асатын ерекше жан. Меніңше, әр мұғалім өзгелерге үйрету арқылы өзі де үйренеді. “Оқушыларым білсінші” деген мақсатта өзі де үнемі жаңа ілім іздеп, өзін-өзі жетілдіреді.

Қорыта келе, қоғамға еңбегі сіңетін дарынды шәкірт дайындап жүрген ұстазымызға алғысымыз шексіз. Кемелденген болашаққа аяқ басу үшін қанат қағып, талмай еңбек ете беріңіз демекпін.

Осы биік мақсаттарға жету үшін нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат бәрін де жеңіп шығатынына кәміл сенемін!



**Юсупова Айгерим Орынбасаровна**  
учитель информатики КГУ ОШ №102  
г.Алматы

## **Использование интернета подростками**

Интернет охватил практически весь мир и все сферы жизнедеятельности. Почти у каждого подростка есть персональный компьютер, планшет или телефон с подключением к локальной сети Интернет. Сейчас очень трудно представить нашу жизнь без этого ресурса. Интернет и социальные сети оказывают самое серьезное влияние на социализацию современной молодежи.

Ещё несколько лет назад Интернет был роскошью, далеко не каждый пользователь компьютера мог позволить себе это удовольствие. Сегодня Интернет стал доступен практически каждому. Более того, многим он сейчас просто необходим. Интернет возник как воплощение двух идей – глобального хранилища информации и универсального средства ее распространения.

### **РОЛЬ ИНТЕРНЕТА В ЖИЗНИ ПОДРОСТКА**

Многие дети знакомятся с интернетом в школе, очень быстро осваиваются и становятся более активными интернет-пользователями, чем педагоги и родители, значительно быстрее взрослых накапливают пользовательский опыт. При этом очевиден недостаток знаний подростков о безопасном поведении в Сети. Чтобы научить их безопасной работе в интернете, родители и педагоги должны знать, что происходит в виртуальном мире детей, насколько важную роль занимает интернет в их жизни.

Интернет предоставляет детям и подросткам огромные возможности, а обучаемость и гибкость позволяют им гораздо быстрее, чем взрослым, осваиваться в интернете и чувствовать себя там "как дома". В Сети и с ее помощью школьники приобретают знания и социальные навыки, которые помогут им в недалеком будущем стать успешными гражданами цифрового общества.

Сегодня интернет превращается в один из основных ее источников не только для взрослых, но и для детей. Подросток склонен скорее получать удовольствие от интернета, наслаждаться им, нежели анализировать и критически осмысливать полученную информацию.

Школьники активно используют возможности интернета для коммуникации: ведут онлайн - дневники, общаются с друзьями через Skype, пользуются электронной почтой, общаются в чатах и различных социальных сетях.

Однако вредоносность некоторой информации осознают не все подростки. Знакомство с неизведанным и необычным почти всегда вызывает неуверенность и страх. А глобальная сеть не только захватывает, но и поражает любого своими колоссальными возможностями.

### **ПОЗИТИВНЫЕ СТОРОНЫ ИНТЕРНЕТА**

Появились такие возможности, как заработок в сети, способ показать, проявить себя, поместив свою собственную страничку или написанные программы и прочее. Также через Интернет можно найти работу, старых друзей, которых давно не видел.

В интернет каждый прокладывает свой собственный путь. Ты сам решаешь, какими услугами сети воспользоваться. В интернете работают программы, решающие определенный круг задач. С его помощью можно даже звонить по телефону, делать покупки, заказывать авиабилеты и номера в отелях, рекламировать свои товары и фирмы, общаться самыми различными способами, дружить и даже влюбляться, и это далеко не всё.

В Интернете существует огромные библиотеки всевозможной литературы, в первую очередь ценна научная литература – так как обычные книги стоят больших денег, а многие ученые, как это не прискорбно, не в состоянии обеспечить себя необходимой литературой, Интернет дает им такую возможность. Так же в Интернете можно всегда получить самые свежие новости узкой либо широкой тематики.

Возможности Интернет практически безграничны, единственное, чего глобальная сеть никогда не сможет заменить – это прелести живого общения, прелести писем, написанных рукой друга или любимого человека, а сидя перед мерцающим экраном никогда нельзя будет сходить погулять с друзьями в «реале». Это, конечно, большой недостаток сети, но вместе с тем и большое достоинство, потому что нельзя навечно переселяться в виртуальную реальность, всё-таки мы живые люди, а не машины.

### **НЕГАТИВНЫЕ СТОРОНЫ ИНТЕРНЕТА**

Отрицательным является то, что интернет дает иллюзию вседозволенности, вытаскивая из нас самое худшее, что в нас есть. В Интернете существуют клубы самоубийц, клубы наркоманов, клубы, обучающие начинающих террористов. В таких клубах можно заказать собственную смерть, купить пару шашек динамита, обучится правильно подбирать и колоть наркотики.

А ведь дети впитывают информацию как губка - и что они получают из Интернета? Достаточно зайти на некоторые сайты, и вы сами всё поймете.

В Интернете появились хакеры, гробящие все на своем пути ради удовлетворения своего ущемленного самолюбия, они не могут создать, могут только разрушить. Но давайте подумаем, что их подвигло на разрушение вся и всего в Интернете? Не прогулка ли по нему? Я часто вижу сайты, которые хочется уничтожить. К сожалению, негативная информация в Интернете на данный момент преобладает. Длительная работа за компьютером негативно сказывается на многих функциях нашего организма: высшей нервной деятельности, эндокринной, иммунной и репродуктивной системах, на зрении и костно-мышечном аппарате человека...

Но, если зрение и слух могут испортиться посредством клавиатуры, "мыши" или монитора, то на психику в первую очередь влияют более, так сказать, виртуальные вещи - игры и интернет. Это то, что "затягивает", то, от чего невозможно оторваться, то, без чего многие больше не представляют своей жизни - это маниакальная зависимость от интернета или от игр. Людям, проживающим свою жизнь в интернете зачастую необходима социальная поддержка, у них большие трудности в общении, они испытывают неудовлетворенность, низкую самооценку, закомплексованность, застенчивость. Они уходят в безопасную для них среду, ни к чему не обязывающую жизнь. Таким образом, они, во-первых, усугубляют те свои черты характера, от которых хотели бы избавиться, а также приобретают новые: уход от реальности посредством изменения своего психического состояния, виртуально изменяя свой пол, возраст... Безусловно, постепенно такой образ жизни, образ мысли, пропитывает все уровни их жизни. Человек начинает действовать и думать по-другому. Он по-другому решает бытовые вопросы, семейные, личные, профессиональные, партнерские и т.д.

И, конечно же, в интернете люди тратят большое количество времени на, в основном, бессмысленные вещи, которые никаким образом не развивают человека, его личность и мышление.

### **ИНТЕРНЕТ – ЗАВИСИМОСТЬ**

Интернет-зависимость – это расстройство в психике, сопровождающееся большим количеством поведенческих проблем и в общем заключающееся в неспособности человека вовремя выйти из сети, а также в постоянном присутствии навязчивого желания туда войти. *Это болезнь современности, которая до конца еще не изучена. Проведенные исследования на предмет интернет-зависимости доказали, что длительное пребывание в сети интернет приводит к изменению сознания и работы головного мозга, что в свою очередь ведет к потере обучаемости и возможности глубоко мыслить.*

#### **Симптомы интернет-зависимости:**

Вы ощущаете огромную радость перед каждым новым сеансом, а без доступа в интернет испытываете грусть и уныние. Вас за уши не оттащить от монитора, и ни под каким предлогом не выманить на улицу. Вы не ходите в гости, реже встречаетесь с друзьями, т.е. потихоньку теряете контакты с людьми в оффлайне. Вы постоянно обновляете страничку в соцсетях, часто проверяете e-mail почту, аккаунт на сайте знакомств и т.д. На физиологическом уровне вы чувствуете последствия длительного сидения за компьютером: боль в глазах, ломота в суставах, нарушение сна и режима питания. Испытываете влияние информации из сети на ваше психологическое самочувствие — негативные новости или сообщения вызывают в вас бурю отрицательных эмоций, таких как ярость, печаль или тревогу.

### **ПРАКТИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ БЕЗОПАСНОГО ПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТОМ**

Для защиты своего компьютера необходимо регулярное обновление программного обеспечения, использование надежных антивирусных и антишпионских программ.

В интернете не стоит переходить по ссылкам и нажимать кнопки во всплывающих сообщениях, которые кажутся подозрительными. Даже если вас будут уверять, что там находится нечто очень важное лично для вас.

Для защиты личной информации придумайте надежный пароль и никому его не сообщайте.

Для безопасности общения в социальных сетях оставляйте как можно меньше данных о себе и избирательно подходите к предложениям о дружбе.

Перед просмотром входящих писем на электронном ящике, проверьте адрес отправителя. Подозрительные письма смело отправляйте в спам, особенно если в таких письмах содержатся прикрепленные файлы.





**Гумарова Мендигуль Наримановна**

Батыс Қазақстан облысы

Тасқала ауданы Амангелді ауылы

Амангелді «мектеп-бөбекжай – балабақша» кешені КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

**Әлем мәдениеті**




*Қысқамерзімді жоспар*

*№7-сабақ*

<b>Бөлімі:</b>	<b>2 – бөлім. Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті.</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	«Әлем мәдениеті». Мәтін оқылымындағы кідіріс түрлері.
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:</b>	8.4.2.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.3.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
<b>Сабақтың мақсаттары:</b>	Білім алушылар мәдениеттің тарихымен танысады. Кідірістің, әуен мен әуездің қызметін түсіндіре алады.









**Сабақтың барысы:**



Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b> <b>Қызығушылықты ояту</b> 7 мин.	<b>I. Ұйымдастыру кезеңі:</b> Амандасу дәстүрі. (әр ұлттың амандасу дәстүрін көрсету) <b>Тренинг:</b> Амандасу Сабаққа сәттілік тілеп. Оқушыларды топқа бөліп отырғызамыз. Не үшін амандасу түрін көрсеттік, ол немен байланысты? <b>Ой қозғау.</b> Сәлемдесу-сөз анасы. Әр ұлттың амандасуы өзгеше болғанмен, ол мідениеттіліктің белгісі. <b>Әлемдік мәдениет дегеніміз не?</b> <b>Бейнебаянға назар аударайық.</b>	Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.	Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі	Оқулық, жұмыс дәптерлері <b>ДК экраны</b>
<b>Жаңа сабаққа кіріспе</b> 	<b>«Тақырыпқа шығу»</b> <b>Мұғалім:</b> Оқушылар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыздар? - Мәдениет дегенді қалай түсінесіз? - Әлемдік мәдениетке нелер жатады? - Мәдениеттің қандай түрленін білесіздер?	Оқушылар жаңа тақырыпқа байланысты ой қозғайды. Сұрақтарға жауап береді.	Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. <b>Тиімділігі:</b> оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар	Қалыптас тырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенді

	<p>- Қазақ ұлтының мәдениеті қай елдің мәдениетімен ортақтас деп ойлайсыздар?  <i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</i></p>	<p>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады</p>	<p>оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.</p>	<p>лікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b>  <b>Мағынаны ашу.</b>                  26 мин.</p> 	<p><b>«ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМА СЫ».</b>  <b>Топтық жұмыс.</b>  <i>(Оқулықтан тыс)</i>  <b>1 тапсырма. Мәтінмен жұмыс.</b>                  - Балалар, бүгінгі сабағымызда екі ұлттың мәдениетіне тоқталамыз.  <b>1. Қазақ мәдениеті.</b>  <b>2. Корей мәдениеті.</b>                  - <i>Екі мәтінді мұқият оқыңыз.</i>                  - <i>Екі елдің мәдениетін салыстырыңыз.</i>                  - <i>Ортақ белгілерін табыңыз.</i>  <b>Корей мәдениеті</b>                  Корейліктер балалардың өмірінің басталуын, оның бір жасқа толу жасын есептейді. Осы кезден бастап қана бала толыққанды адам болып есептеледі. Балалардың әрқайсысының бір жасқа толуын міндетті түрде атап өту керек, егер атап өтілмесе, онда ержеткенде <b>баланың үйлену тойын, мерейтойын және т.б.</b> тойларын атап өтуге болмайды. Сондықтан да ата-аналар, балаларының бір жасын атап өтуге тырысады. Қазіргі корейліктер де олардың ата-бабалары сияқты некеге тұруға ерекше мән береді. Бұл адамның өміріндегі төрт басты оқиғаның бірі және салтанатты түрде өткізіліп, оған барлық руластарының назары аударылады. Неке алдында құда түсу рәсімі өтеді. Күйеу жігіт руластарының ішіндегі үлкендері - әкесі, үлкен ағасы, кейбір жағдайда ғана күйеу жігіттің анасы құда бола алады. Қалыңдықтың ата-анасының келісімін, екі жақ ченчи – некелестіру рәсімін өткізуге келіседі, некелесуді толығымен күйеу жігіт қаржыландырады, бірақ</p>	<p>Мәтінді мәнерлеп оқып, құрылымын анықтайды. Оқушылардың орын далатын тақырыптары нақтыланады.</p> <p>Мәтіннің мазмұнын толық ашатын бес сөйлемді көрсетеді. Мәтіндегі дәйексөздер туралы ойларын айтады.</p>	<p>- Мәтінді оқиды.                  - Тапсырмаларын орындай бастайды.  <b>ҚБ</b>                  Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.  <b>«Шапалақ» әдісі</b></p>  <p><b>«Шапалақ» әдісі</b></p> 	<p>8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері</p>



	<p>ол қалыңдықтың үйінде өтеді. Ченчи рәсіміне күйеу жігіт пен қалыңдықтың жақын туыстары мен достары шақырылады. Қалыңдықтың туыстарына ерлі-зайыптылар арасындағы адалдықтың белгісі ретінде – қаз, күріштің желімді сортынан жасалған ерекше нан – чалпыпәги, сонымен қатар ақ күріш шелпектер – тимпени ұсыну міндетті болып есептеледі.</p>			
	<p><b>Қазақ мәдениеті</b>                  Қазақ ұлтының салт-дәстүрінде нәрестенің дүниеге келуімен басталады. Нәрестенің қырқынан шығуы, ат қою, бесікке салу, тілашар сияқты мерекелерін рет-ретімен тойлаудан басталады. Баланың жылына бір рет келетін туған күні ата-анасымен тойлауға міндеттеледі. Мектебін бітіреді. Жоғарғы оқу орнына түседі. Қолына дипломын алып, өзі қалаған мамандықтың иесі атанады. Қазақ халқы да ата-бабаларынан келе жатқан дәстүрі бойынша жеті атадан ру алыспайтын қызға үйленеді. Неке алдындағы құда түсу рәсімі өтеді. Құда түсуге ырым бойынша әкесінен басқа жақын ағайын-туысы барады. Қалыңдықтың ата-анасының келісімімен некелесу рәсімі өтеді, некелесуді жартылай күйеу жігіт қаржылан дыралы. Тойға екі жақтың жақын туыстары мен достары шақыры лады. Тойдың басы өмірлері ақ жолдай таза болсын деген ниетте екі жасқа ақ ішкізіп, бақыт тілейді. Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары тұнып тұрған өнеге дейміз. Әр салттың астарында үлкен мән жатыр. Алайда «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Бұл-әзіл-шыны аралас дәстүр. Қазақ салты бойынша құдалықта «ұн жағар» рәсімі өтеді. Құдалар бір-бірінің беттері мен үстеріне ұндай жұғысты болайық деп ұн жағады. Бұл екі жақты «құдаластыру мөрі» болып табылады. Сондықтан, алда-жалда</p>	<p><b>2 - тапсырма.</b>                  Өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында төменде берілген сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мәтінді оқып, тілдік бағдар бойынша талдайды. Тапсырманы орындайды.</p> <p>Мәтіннің негізгі идеясын түйіндейді. Дауыс ырғағымен оқиды.</p>		<p>8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері</p>

	<p>танымайтын елмен құдандалы болып, бетіңізге ұн жағып жатса, дұрыс түсінбей қалмаңыз!</p> <p> <b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Екі мәтінді мұқият оқиды;</li> <li>• Екі елдің мәдениетін салыстырады;</li> <li>• Ортақ белгілерін табады.</li> </ul>			
	<p><b>ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫНАН КЕЙІН:</b>  <b>Мәтін бойынша диалог құрыңыз!</b>                  (көңіл – күйге байланысты сөздер мен одағайлар, ауызекі сөйлеу стилін қолдану, интонацияға назар аудару.)  <b>Ықтимал сұрақтар:</b>                  - Корейлерде ченчи рәсімі қалай өтеді?                  - Неке алдындағы құда түсу рәсімі қалай өтеді?                  - Қазақ халқының салт-дәстүрі қалай басталады?                  - «Ұн жағар» рәсімі қандай жағдайда қолданады</p> <p> <b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтін бойынша диалог құрайды;</li> <li>• Диалогтің ережесін сақтайды;</li> <li>• Интонацияға назар аударады;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің мазмұнын толық ашатын бес сөйлемді көрсетеді.</li> <li>• Мәтіндегі дәйексөздер туралы ойларын айтады.</li> <li>• Мәтіндегі тыныс белгілері мен интонацияның құрамдас бөліктеріне назар аударады. «Диалог және қолдау көрсету».</li> </ul> <p></p>		8-сынып оқулығы, жұмыс дәптері
<p></p>	<p><b>2 тапсырма. «ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ» QR kod әдісі.</b>                  Бөлім бойынша берілген сұрақтарға жауап беру.                  QR kod-тің ішіне бес-бестен он сұрақ жасырылған. Оқушыдар ұялы телефондарымен арқылы оқиды.</p> <p> </p> <p> <b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бөлім бойынша білімдерін нысықтайды;</li> <li>• Сұрақтарға нақты жауап береді;</li> <li>• Бірін-бірі мұқият тыңдайды;</li> </ul> <p><b>3 тапсырма «Синквейн» әдісі.</b>                  «Құндылық» сөзіне бес жолды</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b>                  Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін <b>«Қошеметтеу» әдісі</b> арқылы бағалайды.</p>	<p></p>

 <p><b>Сабақтың соңы.</b> <b>Рефлексия</b> <i>7 мин</i></p> <p><b>Кері байланыс</b> <i>5 минут</i></p>	<p>талдау жаса.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зат есім. Не?</li> <li>2. Сын есім? Қандай?</li> <li>3. Етістік. Не істейді?</li> <li>4. Сөйлем</li> <li>5. Синоним</li> </ol> <p>Мұғалім сабақты қорытын дылау мақсатында оқушы лардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.</p> <p><b>Бүгінгі тақырып бойынша қандай ой түйдім?</b></p> <p>- Балалар, бүгінгі сабағымызда оқу мақсатына жеттік деп ойлаймын.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтіннен алынған дәйеккөздерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжадық.</li> <li>2. Мәтін мазмұнын түсіндік, сұрақтар құрастырдық.</li> <li>3. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдандық.</li> </ol> <p><i>«Білім қоржыны» кері байланыс</i></p>  <p><b>Үйге тапсырма.</b> <b>«Ұйғыр мәдениетіне» мәлімет беру.</b></p>	<p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Тақырып бойынша не білетінін, не білгенін жазады.</p> <p>Үй тапсырмасын алады.</p>	<p>«Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады.</p> <p>Стикерлерді қоржындардағы шарттарға байланысты жабыстырады.</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
--	---	---	---	---

### **Кітап оқудың пайдасы**

Менің есімім Айша. Мен 3 - сыныпта оқимын. Мен кітап оқығанды ұнатамын. Кітап оқуға мен балабақша кезімнен қызығатынымын, тіпті ата-анамның айтуынша тұсаукесер кезінде қазақтың салты бойынша қойылатын заттардан мен кітапты таңдаған екенмін, үйдегілер мұны жақсылыққа жорыпты. Кім біледі, мүмкін мен есейгенде ғылым жолымен кетіп, бір ғалым болатын шығармын!

Кітап-адамның досы, себебі кітап ешқашан сені сатпайды және саған білім беріп, жан-жақты ойлануға көмектеседі. Мен әсіресе ертегілерді оқығанды жақсы көремін. Менің ең сүйікті ертегілерім – «Күлшеқыз» және «Қар ханшайымы». Сондай-ақ ата-анам маған энциклопедияларды жиі сыйлайды. Мен «Әлемнің жеті кереметтері» туралы энциклопедияларды оқып шықтым. Атам маған қазақ тіліндегі кітаптарды оқытқызады. Кітап оқу арқылы мен өз ана тілімде әдемі сөйлеуді үйрендім. Кітап оқу арқылы ойша басқа әлемге саяхаттауға, қиялдануға, армандауға болады! Мен әсіресе ертегілерді оқығанда сондай әсерде боламын, менің інім ойыншық ойнағанда көңілденсе, мен кітап оқығанда көңілденемін. Менің ойымша кітап адамды есейтеді, себебі мен қазір сыйлыққа қуыршақ емес, кітап алғанды қалаймын. Үйде жинаған біршама кітаптарым бар.

Сонымен қатар тарихи аңыз-әңгімелерді, хикаяларды да оқығанды жақсы көремін, халқымыздың мақал-мәтелдерін де жақсы білемін. Қазіргі уақытта өлең жаттауды да қолға алып жүрмін, себебі атам маған өлең жаттау – жадыны жаттықтырып, есте сақтау қабілетін жақсартады деген болатын. Отбасымызда ағам екеуміз әрбір оқыған кітабымызды кешкі дастархан басында әңгімелеп айтып отырамыз. Ата-анамыз сол үшін мақтағанда ерекше қуанып қаламыз! Оқыған адамның күні қашанда жарық болады, ешқандай теледидар, мультфильмдер, кинолар кітап оқуға жетпейді. Бір қызықтысы, ғалымдардың айтуы бойынша адам ағзасының қартаймауына кітап оқудың пайдасы бар екен. Кітап оқу - миға жасалатын жаттығу. Әлемнің екінші ұстазы - әл-Фараби де, ұлы Абай атамыз да осындай дәрежеге көп кітап оқудың арқасында жетті емес пе? Кітап оқымайтын ғалым болмайды ғой!

Халқымыз «кітап – асыл қазына» деп жайдан жай айтқан жоқ. Кітаптан болашаққа алар азық көп. Сондықтан кітапты барлығы оқуы керек, ол адамға дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.



**Исахаева Гүлзина Хайдаровна**  
Қызылорда қаласы «М. Ықсанов атындағы  
Қызылорда политехникалық колледжі» МКҚК  
№ 221 топ I курс

## Металды түйістіріп пісіру

**Сабақтың білімділік мақсаты:** Білім алушыларға металдарды түйістіре пісіру жұмыстарымен таныстыру, көрсету, үйрету жұмыстары.

**Сабақтың дамытушылық мақсаты:** Білім алушылардың кәсіби білімін жетілдіру мақсатында тақырыпқа сай дәнекерлеу жұмыстарында жік салу әдістерін үйрету. Жұмыс орнында қауіпсіздік шараларын қарастыруға баулу. Білім алушының жоспарлы жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

**Сабақтың тәрбиелік мақсаты:** Білім алушылардың бойында құрал – саймандарды күтіп ұстау, шикізаттармен материалдарды үнемді пайдалану, жұмыс барысында ұқыптылық пен тыңғылықты еңбек қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қасиеттерін қалыптастыру.

**Сабақтың материалдық- техникалық жабдықталуы:** Технологиялық нұсқау картасы, пісіру аппараттары өлшеу құралдары, кесу дискісі, балға, егеу, слесарь столы, темір щетка, электродтар, көрнекілік құралдар, көлемі 350x450 мм көлеміндегі болат табақшалар.

**Оқу өндірістік базасы:** «Пісіру ісі» шеберханасы

**Өндірістік оқу сабағының уақыты:** - 8 сағат

**Сабақ барысы:**

### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен дайындығын тексеру.
2. Білім алушылардың арнаулы киімдерін тексеру.
3. Құрал - жабдықтардың сабаққа жарамдылығын тексеру.

### II. Кіріспе нұсқау кезеңі:

1. Білім алушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.
2. Өткен сабақ бойынша білім алушылардың білім деңгейлерін тексеру:
  - Пісіру аппаратының түрлері
  - Пісіретін металға электрод пен тоқты қалай таңдайсыз?
  - Пісіру кезінде техника қауіпсіздік ережелері?

### 3. Білім алушыларға жаңа сабақ бойынша нұсқау беру:

- Металды түйістіріп пісіру дегеніміз не?
- Металды түйістіріп қосудың шовтары қандай болады?
- Металды түйістіріп пісіру кезінде техника қауіпсіздік ережелері
- Металды түйістіріп пісіру кезінде қажетті метал кесінділерін өлшем бойынша кесу.

### IV. Кіріспе нұсқауды пысықтау:

Металды түйістіріп пісіру қай жағдайда орындалады?

Түйістіріп пісіруді қандай түрлерін?

Металды түйістіріп пісіру жұмысында қандай құралдар қолданамыз?

Пісірудің түрлерімен таныстық?

Металды түйістіріп пісіру жұмысы кезінде ақаулар не себепті пайда болады?

Қандай техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауымыз керек?

- Өздігінен тұратын қоқыс жәшікті дайындау

**III. Құрал-жабдықтарды пайдаланып, жаттығу жұмыстарын көрсету:**

1. Құрал – жабдықтарды дайындау.

2. Өздігінен тұратын қоқыс жәшікті пісіруді орындау

3. Технологиялық нұсқау карталарын тарату.

**IV. Ағымдық нұсқау:**

1. Білім алушыларды жұмыс орындарына бөлу.

2. Білім алушыларды тексеру мақсатында жұмыс орындарын аралау.

3. Білім алушыларға тапсырмалар бөліп беру.

1-аралау: Жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуын, тазалығын және жұмыстың уақытылы басталуын қадағалау.

2-аралау: Технологиялық жұмыс карталары бойынша жұмыс жүргізулерін бақылау.

3-аралау: Жұмыс процесінің жүруін, құралдарды дұрыс, ережеге сай ұстай білулерін, білім алушылардың іс –қимылдарын тексеру.

4-аралау: Жұмыс барысында техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын бақылау.

5-аралау: Қателіктер жіберген білім алушыларға ескертулер жасап, қосымша нұсқаулар беру.

6-аралау: Орындалған жұмыстарды тексеру, қабылдау, бағалау.

7-аралау: Жұмысты аяқтау, жұмыс орнын жинастыру, құрал – саймандарды тазалап, орындарына салу. Шеберхана ішін тазалау, верстактарды сүрту.

**V. Қорытынды нұсқау:**

1. Сабақты қорытындылау: Білім алушылардың жаттығу орындауларын сараптап, қорытындылау.

2. Тапсырманы орындау және сабаққа қатысу белсенділігіне қарай білім алушылардың еңбектерін,білімдерін бағалау.

3. Үйге тапсырма беру: Металды түйістіріп пісіру кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін пысықтау.



**Жақсылықов Дәулетбек**  
Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі  
дене шынықтыру пәні оқытушысы

### **Ұлттық спорттың өркендеуі**

Қазақстан Республикасында (ҚР) дене шынықтырудың дамуы жаңа жетістіктермен, сондай-ақ арнайы ғылыми талдауды талап ететін үрдістермен, проблемалармен белгіленді. Атап айтқанда, соңғы жылдары Қазақстанда өскелең жастарды тәрбиелеуге, ұлттық мәдени дәстүрлерге тартуға, дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға тұрақты қажеттіліктерді қалыптастыруға, дене шынықтыру дайындығының деңгейін арттыруға, дене дамуын, жалпы және арнайы жұмыс қабілеттілігін жақсартуға ықпал етуге арналған ұлттық спорт түрлері белсенді дамып келеді. Қазақстанның ұлттық спорт түрлерін дамыту процесінде қазіргі уақытта зерттеуге аз көңіл бөлінетін белгілі бір проблемалар туындайды. Сонымен бірге, ұлттық спорт түрлерінің жай-күйін көрсететін алынған нақты деректер негізінде осы спорт түрлерін дамытудың аса маңызды көрсеткіштеріне және тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы бойынша да, оның жекелеген өңірлерінде де дене шынықтыру саласына әсер ететін белгілі бір проблемалық сәттерді анықтауға болатын зерттеулер жүргізу талап етіледі. Мұндай зерттеулердің нәтижелері әртүрлі нормативтік құжаттарды, дене шынықтыруды дамыту стратегиясын одан әрі әзірлеуде, халықтың әртүрлі санаттарындағы және Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі дене шынықтыруды дамытудың жаңа бағдарламаларын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Қазақстандағы ұлттық спорт түрлерінің ерекше маңызы туралы "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасында" айтылған 1. Бұл ережелер Батыс Қазақстан облысының (БҚО) мысалында ұлттық қазақ спорт түрлерінің даму ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігін айқындайды. Жұмыс Л.С.Выготскийдің іс-әрекет теориясына негізделген, дене шынықтыру саласындағы мәдени көзқарас, дене шынықтырудағы ұлттық және халықаралық қатынастар тұжырымдамасы. Мәселені теориялық тұрғыдан қарау үшін арнайы әдебиеттің 115 көзі зерттелген. Нақты деректер ҚР Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасындағы есептік құжаттаманы талдау және жинақтау және осы басқарманың мамандарымен әңгімелесу түріндегі сауалнама арқылы жиналды. Жұмысты Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессор-оқытушылар құрамы аспиранттардың қатысуымен 2012-2017 жылдар аралығында қызметінің мәдени-тарихи дамуы тұрғысынан арнайы әдебиеттерді зерделеу деректері бойынша жүргізді. Выготский және оның ізбасарлары қазақтың ұлттық спорт түрлері қазақ халқының және оның мәдениетінің даму тарихының ерекше нәтижесі ретінде қарастырылды. Бұл спорт түрлері бос уақытты, халықтық мерекелерді өткізу қажеттіліктерін қанағаттандыруға, физикалық жетілдіруге, дене жаттығулары арқылы бәсекелестік рухын көрсетуге бағытталған іс-шаралар түрінде пайда болды және дамыды. Осы Ережеге сәйкес дене шынықтыру саласында мәдени көзқарас қолданылды, онда ғылымды қажетсінетін құбылыстардың аса маңызды сыныптарының ішінде "мәдени дәстүр" – ұлттық спорт түрлері құралдарымен көрсетілген қазақ халқының стереотиптелген тәжірибесі бөлінді. Бұл ретте қазақ халқының құнды мәдени дәстүрлері болып табылатын қазақтың ұлттық спорт түрлерінің бірегей ерекшеліктері (климаттық-географиялық жағдайларға, өмір салтына, типтік еңбек қызметінің ерекшеліктеріне және т.б. байланысты), сондай-ақ жалпы халықаралық белгілері бар екені анықталды. Арнайы әдебиеттерді зерттеу көрсеткендей, бұл бағытта ғылыми жарияланымдар, оқу, әдістемелік

жұмыстар өте аз. Айта кету керек, қазіргі уақытта Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің жаратылыстану пәндері кафедрасында профессор Н.Н.Пересветов пен оның әріптестері Қазақстанның дене шынықтыру тарихы бойынша, сондай-ақ ұлттық қазақ спорт түрлерінің даму тарихы мәселелерін қозғайтын дене шынықтыру-спорттық өлкетанудың жекелеген аспектілерін зерттеу бойынша көпжылдық жұмыс жүргізуде. Құжаттаманы зерттеу нәтижелері жүйеленді және кестелерде ұсынылды. ҚР Батыс Қазақстан облысында барлығы 6 Ұлттық спорт түрі жұмыс істейтіні анықталды: "қазақша күрес", "тоғызқұмалақ", "аударыспақ", "көкпар", "байга", "аламан байга"күресі. Олардың көпшілігі өмір салтын, еңбек қызметінің ерекшеліктерін көрсетеді-көптеген спорт түрлеріне атқа міну жатады. Сонымен қатар, қазақтардың көшпелі өмірінің ерекшеліктері қауіп-қатерлермен байланысты болды, оның ішінде жауларға шабуыл жасау кезінде жауынгерлік қасиеттерді, әскери өнерді көрсету қажеттілігімен байланысты болды, бұл "Қазақша күрес"күресінің пайда болуына себеп болды.

Ұлттық спорт түрлері – еліміздің бренді. Қазақ халқы ежелден барлық мерекелерде жарыс ұйымдастырған. Елімізде ұлттық спорт түрлері тез танымал болып, қызығушылық оятуда. Бұл байқаулар барысында көрермен халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен де таныса алады.

**Жыртқыш құстармен аң аулау.** Қазақ халқы үшін бүркіт – киелі құс. Ол өзінің күші мен ұлылығы үшін бағаланды, оның қанаттары еркіндікті бейнелейді. Демек, еліміздің туындағы алтын қыран бейнесі азаттықтың, тәуелсіздіктің, тектіліктің, қайсарлықтың ұлылығын паш етеді. Тарихи деректерге сүйенсек, бүркіттің қолға үйретіліп, аңшылыққа пайдаланылғанына 3 мың жыл өткен, өйткені дәл осы құс киік, түлкі, елік сияқты ірі жануарларды жеңе алатын. Жыртқыш құстармен аң аулаудың бірнеше түрі бар, олардың ең көп таралғаны бүркітпен. Жарыс үшін жабайы аңдар, соның ішінде қасқыр жіберілетін жазық алаң (алаң) таңдалады. Кімнің құсы құсты бірінші ұстаса, сол жеңімпаз атанады.

**Қазақша күрес** сияқты спорт түрі – көне заманнан бастау алған қазақ күресі бүгінде үлкен танымалдылыққа ие болды. Қазақша күрес қазақ халқының тарихымен қатар дамып келеді. Кез келген мерекелік іс-шаралар бұл спортсыз өтпейді. Қазақ күресінде спортшы еркін қозғалады, күш-қуатын, өз тәсілдерін толық пайдаланады, бүйірінен домалап, арқасына тастап, табан тірей алады, аяқты айқастырып ұрысады, дене салмағымен басады, аяғын ілмектей алады, қолынан ұстай алады. белбеу және оның басына тастаңыз. Күрек жерге тиіп, біржақты жеңіліспен аяқталады. Бұл күрестің негізгі шарттары – күрделі әдістермен және күшпен қарсыласты даусыз құлату. Қазіргі уақытта Қазақстанда ұлттық күрестен республикалық және халықаралық маңызы бар жарыстар өтуде, бұл спорттың осы түріне халықаралық маңызының артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл да жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, насихаттау мақсатында жасалып отыр.

**Жамбы ату** - қазақ халқының ептілік пен мергендік қасиеттерін сынап, ержүрек аттының мақтаныш сезімін оятатын ежелгі ойындарының бірі – «жамбы ату» сайысы. Ержүрек бабалардың ұлан-ғайыр жерді сақтап қалуының басты себебі – желмен жарысатын аттар, сенімді қару болған садақ. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл екі игілік еліміздің тәуелсіздік алған бүгінгі күндеріне жетті. Жамбы ату жарысы ұзындығы 300 метрлік тегіс алаңда өтеді. Мәреде 100 метр қашықтықта биіктігі 3-4 метр сырықтың үстіне айғырдың тұяғындай үлкен жамбалар қойылады. Шабандоз атқа мініп, жамбаны көздейді. Егер шабандоз жүйрік атты тежеп көздесе, ұпай берілмейді. Жүгіру кезінде, сол жақтағы жамбаның жанынан өтіп, көздейтін қатысушылар садақтан атады. Ойлаған мақсатқа сәтті немесе сәтсіз қол жеткізсе де, тоқтаусыз, мәре сызығына секіруді жалғастырады. Егер нысана сырықтан құласа, жебе тиді деп есептеледі және шабандозға ұпай беріледі. Жамба

атудың басқа да түрлері бар: айкабак, мылтықпен атудың әртүрлі түрлері немесе бірнеше нысанаға ату.

Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы-дәстүрлі спорт түрлерін дамытумен, дәстүрлі спорт түрлері бойынша республикалық, халықаралық жарыстарды ұйымдастырумен айналысатын жалғыз ұйым. Қазақстан Республикасында ұлттық ойындардың дамуы 1991 жылы басталды. Мемлекет ұлттық спорт ойындарын өткізу кезінде тұрақты қолдау көрсетеді. Әдістері. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау және жүйелеу, озық педагогикалық тәжірибені жалпылау, математикалық статистика әдістері. Нәтижелер. Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамында 15-тен астам ұлттық спорт ойындары федерациясы жұмыс істейді. 1996 жылдан бастап отандық спортшылар түрлі дүниежүзілік ұлттық ойындарға, фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының бастамасымен 2013 жылдан бастап Қазақстанда ұлттық спорт түрлері бойынша халықаралық жарыстар өткізіледі. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры "акционерлік қоғамы және" Самұрық-Қазына Trust " әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ұлттық спорт ойындарын өткізу кезінде тұрақты демеушілер болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт Ассоциациясы 2018 жылдан бастап Бүкіләлемдік этносport конференциясының (Түркия) мүшесі болып табылады. Қорытынды. Қазақстан Республикасындағы Ұлттық спорт ойындары өте алуан түрлі. Сіздердің назарларыңызға түркі халықтарына тән кейбір ойындар туралы қысқаша ақпарат берілген. Қазақстанда осы ойындар бойынша әлем чемпионаттары, Азия чемпионаттары, халықаралық турнирлер мен фестивальдар өткізіледі. Ойындардың бұл түрлері Орта Азия халықтарына тән. Көкпар, аударыспақ, теңге вешу, Жамбы ату, Аламан байға, асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ойындар және олардың ережелері мақалада келтірілген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Андасова Ж.М., Жасталапов А.А. Специальная физическая подготовка юниоров-самбистов // Теория и методика физической культуры. 2016. Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э., Новикова А.О., Павлова Е.В.,
2. Турысбекова С.С. Исследование координационных способностей юных волейболисток на этапе начальной подготовки // Теория и методика физической культуры. 2016.
3. Брискин Ю.А., Одинец Т.Е. Фитбол-гимнастика в структуре личностно-ориентированной программы физической реабилитации женщин с постмастэктомическим синдромом // Теория и методика физической культуры. 2016.

### **Еңбек заңнамасын бұзудағы қылмыстық жауаптылық**

Еңбек - адамның да, сонымен қатар, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын материалдық және рухани игіліктерді жасауға бағытталған адамның қызметі. Яғни еңбек құқығы адамның жеке және басты құқықтарының бірі. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет, оны құрудағы проблемалардың бірі заңдылықтың барлық жерде сонымен қатар барлық уақытта сақталуы. Адамның еңбек ету барысында барлық заңнамада көрсетілген құқықтар мен міндеттер орындалатын болса, сонымен қоса еңбек заңнамасын бұзуға байланысты қылмыстарды қарау, тергеп-тексеру анықтау, шешу барысында осы заңдылық сақталатын болса адамдардың еңбек құқықтары мен бостандықтары сақталады және қорғалады деп ойлаймыз. Жауаптылық қоғам тиым салған азаматтардың жасаған құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауап беруді талап етуі, яғни жасаған әрекеттері үшін кінәлі тұлғаның жағымсыз салдарға ұшырау, жауаптылыққа тартылудың мазмұнын құрайды. Қылмыстық жауаптылық:

- кінәлі, қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы әрекет үшін туындайды;
- мемлекеттік мәжбүрлеу нысанында көрініс табады, өйткені қылмыстық құқық нормаларының санкциясында белгіленген қылмыстық жазалау шараларын қолдануды көздейді;
- мемлекеттік талқылаумен ұштасады және қылмыскер үшін жағымсыз теріс зардаптарға әкеледі;
- қорғаушылық қылмыстық-құқықтық қатынастар шегінде қолданылып, жүзеге асырылады [6, 82 б.].

Қылмыстық жауаптылық мемлекеттік заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді.

Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Мысалы: тонау, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық, т.б. Мұның өзінде қылмыстық жауаптылық оның іс-әрекеті нақты қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқықтық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда жүзеге асырылады.

Яғни, қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқықтық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыс істелмесе қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қылмыстық заң бойынша жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек қана қылмыс істеу арқылы келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстың жасалу тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін еске ала отырып жүзеге асырылады.

Қылмыстық жауаптылық өзіне тән ерекшелігімен оқшауланған құқықтық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық - өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені мемлекет кез келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындалуға тиісті шараларды қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік

мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Сонымен, **қылмыстық жауаптылық** деп - қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары арқылы мінеушілігін (айыпталушылығын) айтамыз.

Қылмыстық Кодекстің 10-шы бабында былай делінген:

«Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады».

Демек Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу қылмыс емес қылмыстық теріс қылық болып табылады.

Еңбек қатынастары саласындағы қылмыстық жауаптылық қылмыс жасағаны үшін, яғни ҚР ҚК көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекеттер үшін туындайды. ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабында белгіленгендей жауапкершіліктің бұл түрі мынадай заң бұзушылықтар орын алған жағдайда, яғни:

- жұмыскермен еңбек шартын заңсыз тоқтату;
- соттың жұмысқа қайта алу туралы шешімін орындамау;
- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан еңбек заңнамасын өзге де бұзу;
- әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату;
- мүгедекпен оның мүгедектігі себебі бойынша не кәмелетке толмаған адаммен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату;
- басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны өзге мақсаттарға пайдалануына байланысты жалақының толық көлемде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідіртуден туындайды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабының 1-ші тармағында: «Жұмыскермен еңбек шартын заңсыз тоқтату не соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамау, сол сияқты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан өзге де бұзу – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.» - деп белгіленген.

**ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабының 2-ші тармағында:**

«Әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату, сол сияқты мүгедекпен оның мүгедектігі себебі бойынша не



кәмелетке толмаған адаммен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» - делінген.

**ҚР Қылмыстық кодексінің 152-бабының 3-ші тармағында:**

«Басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны өзге мақсаттарға пайдалануына байланысты жалақының толық көлемде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідіртуі – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» - деп белгіленген.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу қоғамға, сипаты бойынша әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатынын, қандай құқық бұзушылық болмасын жауаптылыққа әкеліп соғатынын түсінуге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-ші бабының 1-ші тармағында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Ал 24-бапта жазылғандай әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Конституцияда көрсетілген осы кепілдіктерді жүзеге асыруда қылмыстық заңнаманың атқаратын маңызы зор болатынын көруімізге болады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодексінде заңды және еңбек қорғау ережелерін бұзғандық үшін арнаулы баптар бойынша жауаптылық белгіленген.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз
2. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім) оқулық, Е.О. Алауханов, ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, Алматы, 2009 ж., 456 б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы оқулық, Е.Ә. Оңғарбаев, А.А.Смағұлов, Қарағанды, Болашақ-Баспа, 2005 ж., 248 б.



## **Дене шынықтыру сабағында Баскетбол дамуының ойын ережелері**

Баскетбол дамуының басқару құралы болып табылатын жарыстарды өткізу жүйесі мен ойын ережелерінің мақсатқа бағытталған өзгерістері бар бұл ойын түрі жүз жылдан бері өмір сүріп келе жатыр. Ұлттық федерация ФИБА-ның көмегімен ойын тенденциясын жан-жақты үйренуге ұмтылады және осының негізінде ойын ережесіне де, жарыс өткізу жүйесіне де батыл күрделі жетілдірулер енгізіледі. Бұл кезде мынадай міндеттер қойылады:

- ойыншының тактикалық ойлауының, күрделі жарыс жағдайларында бара-бар шешімдерді оперативті қабылдауының ептілігі мен тәуелсіздігін жетілдіру;
- алысқа лақтырудың және қалқанға ұпайлы өтудің пайдалы шабуылдау позицияларының сабағы үшін, алаңда толық бағалы бағыттану қабілеттілігін дамыту;
- үздіксіз өзгеруші ойын жағдайындағы ойыншылардың қозғалымдылық және әсерленгіш сенімділігін көтеру;
- команданың шабуылдау әрекеттерінің тиімді қатынасын меңгеру: үш ұпайлы сызықтан алыс лақтырулар, жақын және орта қашықтағы лақтырулар (бір ойындағы жетекші командалардың орташа арақатысы келесілер: үш ұпайлы сызықтан лақтырулар – 12-14; жақын қашықтықтан – 32-34, орташадан – 27-29).

***Қазіргі әлемдік баскетболда ойынның жаңа ережелерін енгізуге байланысты проблемалары айқын көрінді:***

- ойыншылардың арнаулы төзімділік деңгейін елеулі көтеру қажеттілігі, себебі жарыстық әрекеттер алаңы 56 шаршы метрге, ал ұзын және орташа шапшаң ырғулар көлемі 170-200 метрге көбейді.
- техникалық тәсілдердің кинематикалық және динамикалық құрылысының жаңа жетістіктерін талап ететін ұзақ және өте ұзақ лақтыруларды жетілдіру міндеті;
- қозғалымды ойын жағдайларында өте күшті тез доп беруді меңгеру қажеттілігі (бұзып жарып өтудегі ұзын доп беру, бір қанаттан екінші қанатқа, “қорғаушы арқылы” шабуылдап беру, допты жүргізіп бара жатып ырғып секіргеннен соңғы дәл және күшті беру және т.б.) және сонымен қатар қағып алулар;
- қарсыластырдың қатаң немесе дөрекі тәсілдеріне, басқа экстремалды жағдайларға қарсы психологиялық төзімділікті жетілдіру негізінде айып лақтыру орындалуының (әсіресе сериядағы бірінші лақтырудың) мүмкіндігінше жоғарырақ тұрақтылығының қажеттілігі; (261)
- позициялық шабуылдаудың тактикалық қисындастыруының арсеналының бірен-саран қайта құру міндеттері (үш ұпайлы сызықтағы қиылысудың циклды қисындастыруын, айып лақтыру сызығындағы орталық ойыншылар арқылы алаң бұрышындағы үш ұпайлы лақтыруды шабуылдауға шығудың өзара әрекеттерін, ойыншының беткі сызықтан үш ұпайлы сызыққа шығу үшін “перпендикулярлы” тосқауылдарды басымырақ қолдану).

### **Ойынның негізгі ережелері.**

Қазіргі кездегі ойын ережелері 9 негізгі ережеден тұрады. Оқтын-оқтын оларға өзгерістер енгізіледі, бірақ негізгі талаптар сақталады.

1. Ереже ойыншылар, жаттықтырушылар және төрешілер үшін түсінікті айқын болуы қажет.
2. Ереже жарысушы командалардың шарттарын объективті бейнелеуі қажет.

3. Ереже ойыншылардың, жаттықтырушылардың және төрешілердің жоғары адамгершілік және жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеуге себепші болуы қажет.

4. Ереже ойын тактикасы мен техникасының дамуына жағдай жасауы қажет.

Сонымен ережелер жасалғаннан бастап көптеген өзгерістерге ұшырайды, бірақ олардың мәні бұрынғыдай болып қалады.

Жарыс түрлері және оларды өткізу жолдары.

Жарыстар оқу-жаттығу жұмысының жалғасы болып табылады. Олар спортшылар мен жаттықтырушының көп еңбекті жұмыстарының аяқталғаны сияқты болады. Жарыс қатысушылардың әртүрлі түрдегі дайындықтарының деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді, техника және тактикадағы жетілдіруге жағдай жасайды.

Жарысқа қатысу процестерінде ойыншылардың тәртіптілігі, ұйымшылдығы, өзін меңгере алулығы және өзінің жеке мүддесін команда мүддесіне бағындыруы, табандылығы және жеңіске жету еркі, ұжым алдында жауапкершілігін сезінуі тәрбиеленеді.

Жарыстар баскетбол бойынша тек командалық болуы керек. Ұйымдастырушылық түріне байланысты жарыстар ресми (негізгі) және жолдастық (көмекші) болады.

Ресмилерге олимпиада ойындарындағы, әлем және европа чемпионатындағы, республика біріншілігіндегі барлық жарыстар жатады. Жеңімпазға чемпион атағы беріледі. Олар жылына бір реттен артық ұйымдастырылмайды, және айналма жүйе бойынша өткізіледі. Кубок үшін жарыстар оған барынша көп команданы қатыстыруға және қатысушы командалардың көптігіне қарамастан біршама аз уақыт ішінде жеңімпазды анықтау үшін өткізіледі.

Жолдастық жарыстар деп дайындықтың әртүрлі кезеңдеріндегі жеке келісімдер бойынша командалар немесе ұжымдар арасында өткізілетін жарыстарды айтады. Қазіргі уақытта қалалық, халықаралық көлемдегі жолдастық кездесулер дәстүрлі жарыстарға айналды. Олар спорттық ойындарды халыққа таратуға көмектеседі, әртүрлі елдердің халықтары арасындағы достық қарым-қатынасты дамытады.

### *Жарыстар*

Ресми жарыстар	Жолдастық жарыстар
Олимпиадалық ойындар	Мамандықты іріктеу турнирлері
Әлем чемпионаты	Мачтық кездесулер
Европа чемпионаты	Бақылау кездесулері
Европа кубоктары	Көрнекі
Республика халықтарының спартакиадасы	Үгіттік-жалпылама
Республика біріншілігі	Теңестіруші немесе блиц турнирлері
Республика кубогы	

Зеребе салудың алдында ойын күнтізбесі қандай схема бойынша жасалатыны хабарланады. Зеребе салу жалпы, басқаша айтқанда барлық командаға бір мезгілде немесе командаларды таратып істелінуі мүмкін. Команданы бытырату күш жағынан шамамен теңдей болатын топшаларды құруға мүмкіндік береді. Бытыратудың екі жолы бар: зеребе салу бойынша және “жылан тәріздес” жолымен. Әдетте команданы бытырату негізіне команданың алдағы өткен немесе алғашқы жарыстардағы нәтижелері алынады. Дегенмен басқа да принциптердің болуы мүмкін. (мысалы, бір қаладан немесе бір ұйымнан бірнеше команданың қатысуы, өзара кездесіп қойған екі немесе бірнеше команданың іріктеу немесе алғашқы жарыстардан шығуы).

Зеребе салу бойынша бытыратуда топшалар санына сәйкес келетін командалар саны алынады, және осы командалар арасында топшаларға бөлу үшін зеребе салынады. Сонан соң дәл осылай етіп команданың келесі топшалары зеребе салу бойынша бөлінеді және т.б.

Бытыратуға барлық команда немесе олардың бір бөлігі ұшыруы мүмкін. Жарыстар туралы ережелерде бұл алдын-ала қаралуы тиіс. Егер команданың бір бөлігі бытыратылса, онда басқалары зеребе салумен топшаларға бөлінеді.

“Жылан тәріздес” жолымен бытыратуда командаларға нөмір алдыңғы жарыстарда ие болған орындарына сәйкес беріледі, сонан соң бұл командалар оларға берілген нөмірлеріне сәйкес топшаларға жылан тәріздес болып бөлінеді. 12 команданың екі топшаға “жылан тәріздес” тарауы мысалы:

Мұндай бытырату жолы команданың екі топшасында да шартты теңдік туғызады. Мұның дәлелі әрбір топшада орналасқан команда орындарының қосындысы болып табылады. Берілген мысалда әрбір топшаның команда орындарының қосындысы 39-ға тең.

Жарыс нәтижелерін бағалау және есептеу. Айналма тәсіл бойынша жарыс өткізуде әрбір қатысушы ұйымнан бір немесе бірнеше команданың есебі алынады.

Бір команда бойынша есеп алуға нәтижені бағалаудың келесі түрі көп таралған: жеңіс үшін – 2 ұпай, жеңіліске – 1 ұпай және қатыспағаны үшін – 0 ұпай. Ең көп жиналған ұпайлар саны жеңімпазды анықтайды, қалған командалардың ұпайлар саны – олардың кестедегі орындарын анықтайды.

Бірінші орынға үміткер екі команданың ұпайлар саны тең болған кезде, әдетте қосымша ойын белгіленеді. Қалған жағдайларда ұпайлар санын онымен бірдей жинаған команданы ұтқан командаға артықшылық беріледі.

Бірдей ұпайлар жинаған үш немесе одан да көп командаларда, олардың арасындағы ойындарда ең көп жеңіске жеткен командаға артықшылық беріледі. Жарысқа дайындық;

Жарыс өткізудегі жетістік көбінесе оған дайындалуға байланысты. Барлық дайындық жұмысы бірнеше кезеңдерде өтеді: құжаттарды дайындау, жарыс өтетін жерді дайындау, қатысушылармен жұмыс.

Кез-келген жарысқа дайындық ол туралы жағдай жасаудан басталады. Жағдай күнтізбелік жоспардың мезгілі негізінде жасалады. Ол тек заңды ғана емес, сонымен қатар ойыншылардың жарыс алдындағы дайындық кезеңіндегі оқу-жаттығу жұмыстарының бағытын анықтайтын белгілі бір тәртіптегі құжаттар да болып табылады. Сондықтан қатысушы ұжымдарға дер кезінде жағдайды жіберудің маңызы өте зор.

Жарысты өткізу үшін бас төреші мен хатшы тағайындалады.

Үлкен көлемдегі жарыстарды өткізу үшін 5-7 адамнан ұжымдық кеңес құрайды, олар тікелей жарыс өткізілетін жерде барлық қажетті шараларды өткізеді. Оның міндетіне жарыс өткізетін жерді таңдау және жабдықтау және орналасу орындары, тамақтануды ұйымдастыру, хатшылықты іріктеп сайлау, жарыс туралы алдын-ала мәліметтер өткізулер жатады. Жарыс туралы алдын-ала мәліметтер - баспасөз, радио, теледидармен жарыстың орны, уақыты, қатысушылар туралы хабарлауға негізделген. Баспасөз өкілдерімен жергілікті баспада жарыс туралы жазулары үшін байланыс орнату қажет. Және де жарнамалар мен бағдарламалар, қатысушылар билеттерін дайындау қажет.

Жарыс орны ұрандармен, плакаттармен, жарыс барысын бейнелейтін кестелермен түрлі-түсті безендірілуі тиіс. Жанында қатысушылар мен төрешілер үшін шешінетін орын, жылы сулы душ, дәрігерлік бөлме болуы тиіс. Жарыс орнын радиоландырып қою қажет. Жарыс орнындағы жабдықтарға қажетті талаптарды қатаң қадағалау, оларды өткізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

Жарысқа қатысушылармен жұмыс істеу бөліміне мыналар кіреді: қатысушыларды орналастыру, жарысқа жіберу туралы мандаттық комиссия жұмысы, өкілдер кеңесі, төрешілер алқасының кеңесі.

Қатысушыларды қабылдау мен орналастыруды ұжымдық комитет өкілі басқарады. Егер қандай да бір себептерден оларды қарсы ала алмаған жағдайда, аэропортта, темір жол вокзалдарында қатысушылардың қайда келуін хабарлайтын хабарландырулар ілінуі тиіс. Төрешілер мен қызметкерлер қатысушылардан бөлек орналасуы тиіс.

Жарысқа жіберуді жарыс туралы жағдайға сәйкестендіріп мандаттық комиссия жүзеге асырады. Жіберу жауапкершілігіне жарыстың бас төрешісі, жарыстың бас дәрігері және мандаттық комиссияның өкілі жауап бере

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ұ.Мұхамеджанова «Дене шынықтыру оқыту әдістемесі» Астана 2007 ж.
2. Б.Төтенай Дене тәрбиесі Астана 2008 ж. Баиымбетов Т.Ш. 1,2 - ші курстарға арналған атлетикалық гимнастика бойынша әдістемелік нұсқау. Алматы Қазақ университеті 2006 ж.

**Розметова Мафтуна Хакимжанқызы**  
«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжі

### **Болашақ дизайнер мамандарын заманауи техникалармен жұмыс жасау қабілетін арттыру арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру**

Елімізде дизайн саласындағы білім беру қызметтеріне қажеттіліктерінің жоғарылауы, оның ішінде қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін кәсіби құзыреттілікті меңгерген дизайн саласындағы кәсіптік білім беру педагогтарына әлеуметтік сұраныстың артуы дизайн саласындағы кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау мәселесінің өзектілігі болып табылады. Кез келген жүйеде білім беру процесі мазмұнның, мақсаттарының және технологиялардың, олардың объектілерінің, құралдарының бірлігі ретінде көрініс табады. Білім беру процесінің сапасы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық технологиялар және т.б. қамтамасыз ету негізінде қалыптасады.

Дизайн саласында киімді ойдан құрастырып дайындау – күрделі процесс. Бұйым сапасы мамандар мен жұмысшылардың біліктілігіне байланысты. Жаппай өндіріс киімдерін шығаратын кәсіпорындар техниканың, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл осы кәсіпорындарда жұмыс істейтіндерге ерекше талаптар қояды. Шығармашыл әрі жоғары нәтижемен еңбек етуге қабілетті, жаңа техниканы пайдалануға епті жоғары білікті кадрларға деген қажеттілік тез өсуде. Бүгінгі таңда өндіріс практикалық және теориялық жағынан жақсы дайындалған, жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша терең білімі бар, техникалық мәдениеті жоғары мамандарға айтарлықтай деңгейде мұқтаж. [1]

Тігін өнеркәсібі өніміне сұраныс көбінесе оның сапасына тәуелді болып келеді. Матаның төмен сапасы мен ақаулары, нашар бояуы, мата түстерінің шектелген түрлігі мен құрылымы түпкілікті өнім сапасына кері әсер етеді. Ж. Дүйсенбайқызының «Қазақстандағы тоқыма және тігін өнеркәсібі кәсіпорындарының даму тенденциясын талдау» атты

мақаласындағы пікірі бойынша, өндірістік қуаттылықтарды дамыту үшін тиімді экономикалық шарттарды дамыту қажет, нормативтік және заң берушілік актілерді жетілдіру, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін қолдану, жаңа технологияларды енгізу, өткізу нарықтарын кеңейту, бәсекеге қабілетті өнімді дамыту, тоқыма және тігін кәсіпорындарының тиімділігін арттыру арқылы тоқыма және тігін өнеркәсібінің және халық шаруашылығының аралас салаларын дамытудың бірлескен шешімдерін, дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру қажет болып табылады. [4]

Дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда.

Дизайнда заттар көмек болуымен қатар, көркем деңгейіне дейін барады. Мысалы: қарапайым тұрмыстық заттарды шығармашылық арқылы өзгертуге болады. Сондықтан дизайнердің қызметі пайдалы және көркем туындылар жасаумен байланысты. Дизайнер жасаған түрдің формасын жасап, дайындаумен айналысады. Онда оның жұмыс қызметі өзінің жасайтын түр келбетін ойдан шығарумен жақын байланыста. Былай айтқанда, өнердегі бар Ю.Б.Борев анықтаған образды ойлау және де оны қабылдау. Көркемдік форманы түсіну үшін декоративті техниканы енгізу қажет[5]

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доценті, ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі К.М.Бегімбай, - дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда. Бұл мәселе төңірегіндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралау барысында жасаған тұжырымымыз - кәсіби деңгейі жоғары маманды даярлау үрдісінде әлі де шешімін табуы қажет ететін тың салалар жеткілікті. Солардың бірі - графикалық дизайн саласында қызмет ететін болашақ маманның кәсіби деңгейді қалыптастыруға негізделген арнайы пәндерді оқу барысында компьютерлік технологияларды қажетті көлемде қолдану мәселесі. [6]

Қазіргі кезеңде дизайн білім мен ғылымда, тұрмыста, өндіріс салаларында айтарлықтай басым рөлге ие. Дизайн шығармашылық туындаған мәселелерді шешу және орын алып жатқан өзгерістерге жауап бере отырып, таптаурынды идеяларды артқа тастап, жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін алынған білімдерді біріктіретін комбинаторлық процесс [1,31-б.].

Ерекше фасондағы киім өндірісінде тігін машинасының алатын орны бөлек, алайда тәжірибелі тігіншілер сәнді киімдерді тігу үшін тек тігін машинасы ғана жетпейтінін біледі. Заманауи әрі креативті киім тігіп шығаруда дизайн мамандығын жетік меңгеруді қажет етеді. Қазақстанда XX ғасырдың басында АҚШ-тың «Зингер» тігін машиналарының пайда болуы [2, с. 20] киім тігудің сапасын арттырды. Осы кезде Верный қаласында киім тігуді үйрететін курстар ашылған. Тігін машиналарының пайда болуы өз кезегінде өңірге мата түрлерінің кеңінен тасымалдануына түрткі болды. Халық киімдерді сатып алумен бірге, тігіншілерге тапсырыс беріп, тігін машиналарымен (қазақ бұрын киімді қолмен тігіп киген) тіктіріп кие бастады. Тігін машиналары тек қалаларға ғана емес, сонымен бірге қазақ ауылдарына да тарап, бір жағынан киімді жаңа сәнмен, әрі сапалы етіп тігуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан тұрмысқа енген таңсық бұйым ретінде киіз үй төрінен орын алды. [3]

Бұл мақалада үйде қолдануға арналған машиналар арасында ең танымал, Juki MO 654DE перекрытаящын ұсынамыз. Мұнда біз оның жұмыс принципін, техникалық сипаттамаларын, артықшылықтарын және клиенттердің кері байланысын қарастырамыз. [5] Juki компаниясы



әлемдегі бірінші бренд болып табылады, оның көптеген өнеркәсіптік жабдықтары: Джорджио Армани, Леви, Хьюго Босс, МаксМара және басқалары жұмыс істейді. Бренд негізін қалаушы жылы 1938 жылы 800 тігін машинасын өндірушілер Токиода біріктірілді.

Қорыта келгенде өнер жолында жүрген киім дизайны мамандарының жаңа техникамен жұмыс жасауы, тиімді әрі сапалы жұмыстың шығуына әсер етеді. Жаңа кәзіргі уақыттағы тігін машиналары уақытты үнемдеп қана қоймай, адам қиялындағы композицияларды шығаруда жұмыс жасауда.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Л.А.Бисембаева. Жетісу қазақтарының жаңа тұрмысқа бейімделуі (XIX ғас. II –жартысы - XX ғас. басы)
2. 26 Вестник КазНУ. Серия экономическая, № 1 (83). 2011
3. Б.Б. Белесарова. Заманауи өнердің дизайн саласындағы қалыптасуы және оның өзара байланысы. Инженерлік графика және кәсіби білім проблемалары №1 (56)• 2020
4. Бегімбай К.М. Дизайн және бейнелеу өнері салаларына мамандарды кәсіби даярлау мәселелері. Л.Н.Гумилев Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми- әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған. 2010 ж.
5. Тігін бұйымдарының технологиясы: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / [Э.К.Амирова, А.Т.Труханова, О.В.Сакулина, Б.С.Сакулин]. — 8-ші бас., стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016. — 512 б.
6. Жанысбеков М.А. Казахстан в торгово-экономических связях со странами Запада в конце XIX-нач. XX вв. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. — Алматы, 2002. — 29 с.

**Тажиметова Роза Жумадуллақызы**  
«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжі

### **Киім дизайны мамандығының оқу бағдарламасында отандық киім үлгілерін жасай алу қабілетін дамыту мәселелері**

Білім беру жүйесінің бірінші міндеті – болашақ мамандарды даярлауда ұлттық сана мен ұлттық құндылықтардың маңызын түсіндіру, ғылым мен білімнің, өнер мен өмір тәжірибесінің жетістіктерін кәсіби шеберлік пен гуманитарлық білімдерінде пайдалана білуге үйрету. Білім берудің жаңа бағыттары жаңа идеялармен толтырылуы керек. Осыған байланысты кәсіптік білім берудің мақсаты мен мазмұнын және оқу процесінде қолданылатын технологияларды жетілдіру кәсіптік білім беру жүйесін реттеудің ұйымдастырушылық мәселелерін жан-жақты зерттеуде тиімді шешімдерді іздеуді талап етеді.

Қоғам қайраткері Ә.Ысқақтың бейнелеу өнері пәні мұғалімдерінің өз шеберліктерін іс жүзінде көрсете алатынын зерттеу нәтижесінде, әдістемелік дайындық деңгейінің ғылыми негізделуі тиіс екенін айта кеткен. Студентке бейнелеу өнерін және дизайнды оқыту әдістемесі сызба нұсқасымен жалғыз өзі осы жаңартылған білім беру бағдарламасының күзіреттілігі толықтыруды қажет етеді. Яғни, ұстаздардың ғылыми-әдістемелік дайындығы мен көркемдік білімін жетілдіру өте маңызды. Осыған орай, жаңартылған білім беру бағдарламалары негізіндегі болашақ бейнелеу өнері маманының кәсіби шеберлігіне деген сұраныс пен қажеттілік қазіргі қоғам дамуында әлі де өзекті болып отыр. [1]



Отандық білім беруге арналған бағдарламада отандық ғалым Гулназия Султанбаева еуропалық стандарттарға қайта бағдарлау іс жүзінде әрекет ете алатын және жеке әдістерді қолдана алатын құзыретті мамандарды дайындауды көздейді. Кәсіби қызмет пен әлеуметтік тәжірибе контекстіндегі табысты жұмыс тәжірибесі қазіргі уақытта қоғам мен мемлекеттің кәсіби бейімделуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті дамыған тұлғаны дайындаудағы өзекті және ұзақ мерзімді қажеттілігіне айналуға. Шығармашыл, білікті, бәсекеге қабілетті адамдарға сұраныс артып келеді. Сондықтан педагогикалық шарттарды анықтау проблемасы бойынша зерттеулер жанартылуға. [38]

Ұлы ойшыл қазақ жерінің төл тумасы Әл-Фараби бақыт, кемелдену, қоғам амандығы білімге байланысты екенін, адам білім мен өнерді меңгергеннен кейін ғана іскерлік пен дербестік, содан кейін парасаттылық сезімінің дамуын айтқан.

Бейнелеу өнерін дәріптеуші Мұратбаева Гүлнардың еңбектерінде өскелең ұрпаққа эмоционалды қабылдауы мен эстетикалық сезімін оятуға септігін тигізетін сәндік-қолданбалы өнердің маңызы зор екендігін басты орынға қояды. Себебі, сәндік-қолданбалы өнер өзінің тартымдылығымен, балаға жақындығымен, еркін бейнелеу сипатымен, оның бояуларының жоғары дәрежеде ашылуымен, жағымды көңіл-күймен ерекшеленеді. Әлемдік студенттердің пікірінше оларға ең ұнайтыны - сурет салу процесін тамашалау жәнәде көрмелерге барып дем алу. Ал балалардың сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығы ерекше екендігін ескерсек мұндай бейнелеу әрекетін дамытуға балалардың әсерін тиімді пайдалануы маңызды [2].

Студенттердің сәндік-қолданбалы өнер арқылы негізгі қажеттіліктерімен таныса отырып, олар сәндік сызбалармен, сәндік бұйымдардың, ою-өрнектермен жұмыс істеудің белгіленген ережелері мен заңдылықтарын меңгереді, яғни ырғақты сақтау, әрқашан симметрияны қолдану, түс үйлесімділігін сақтау және т.б. ең қажетті заңдылықтарды меңгереді.

Шет ел ғалымы Уваров А.В эко дизайнды проекциялау және тәжірибеден өткізу барысында ағылшын философ педагогы Джон Локктың негізгі ұстанымын алға тартып білімгерді сурет салу арқылы, дамытушылық ойын мен жаттығу арқылы көркемдік қабілеттерін арттырғаны үшін мақтаған[3].

Забалоцкая З.М оқушылардың көркемдік-танымдық белсенділігін қалыптастыруда бейнелеу өнерінің алатын орны бөлек екендігін білдіреді. Бейнелеу өнері – оқушылардың қоршаған дүние туралы білімдерін дамытуға, эстетикалық тәрбиесін, танымдық қызығушылықтары мен белсенділігін, көркемдік танымын қалыптастыруға бағытталған өнердің маңызды саласы. Ол өнерді дұрыс пайдалану, өнерді сапалы бағытта оқыту, жаттығуларды жиі орындау деген үш талапқа сүйеніп, өнертануды анықтады [4].

Сол сияқты Глазачева А.О білім алушылардың дизайн саласында оқу-тәрбие жұмысында қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің табиғатын дәйекті түрде меңгеру үшін балалардың көркемдік танымы мен талғамын арттыруға, сонымен этнодизайн педагогикасының мазмұндық жүйесін: үйлесімді халқымыздың өнердегі көркемдік дәстүрінің әдет-ғұрыптары, т.б. балаға эстетикалық тәрбие беруде тиімді құрал ретінде пайдалануға болады. [5, 18].

Өскелең ұрпақтың танымдық белсенділігін арттыруда өскелең ұрпақтың кеңістіктік ойлауын, ұғымдары мен идеяларын дамытудың алатын орны ерекше. Оқушылардың танымдық және кеңістіктік қабылдауын дамыту туралы Б.Г. Ананиев, С.А. Герасимов, П.А.Сорокун, Қ.Ералин, Қ.Жеделов, Қ.Болатбаев т.б. Ғалымдар мен педагогтар балалардың кеңістікті бейнелеу қабілетінің деңгейі олардың жалпы белсенді дамуының көрсеткіші екенін

анықтады. Оқушылардың кеңістіктік ойлауы мен қиялының дамуы олардың ойлау қабілетіне тікелей байланысты[6].

Болатбаев Қ.К. болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындау процесін жүзеге асыруда оқушылардың кең ауқымды дамуының әлсіз екендігін алға тартып, жалпы білім беретін бағдарламалардың көбінесе жеке объектілердің суретін салуға бағытталғандығына, бұл оқушылардың күрделі формалармен белсенді жұмыс істеуіне кедергі болатындығына қарсылық білдірді. [7].

ЖОО-студенттерінің дүниенің кеңістіктік қасиеттерінің дамуы күрделі екенін көптеген психологтар көрсетті. Оқушылардың бейнелеу өнері пәнін оқу арқылы жасалған кеңістікте кең және күшті ойлау қабілеті олардың дүниені толық тануына, дүниені тануына, дүниетанымының кеңеюіне ықпал етеді. Сонымен бірге келешекте тұлғаның қалыптасуының қиын кезеңіне алып келеді, белсенді әрекетке, білім деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызады, ақыл-ой операцияларының дамуына ықпал етеді.

Білім толық, қысқа, құрылымды, сенімді және тиімді болуы керек. Бұл белгілер психикалық қасиеттерді қалыптастырады. Ой тереңдігі пәнді терең меңгеруден, өз бетінше оқудан, оның ішкі байланыстарын, басқа пәндермен байланысын аша білуден көрінеді.

Материалға шығармашылықпен қарау, ашылған білімді теориялық және практикалық жұмыста қолдану, білімді ішкі мотив пен сенімге айналдыру ойдың тереңдігін көрсетеді.

Шеберлік дегеніміз ол алдымен шындықты тану және оқыту кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын бағалау арқылы анықталады. Білім сапасы – білімді меңгерудің нәтижесі.

Сокольникова Н.М. “Методика Преподавания Изобразительного Искусства” атты оқыту процесінің өзіндік функцияларын атап көрсетті.

Оқыту процесі, білімді меңгеру оқушыны дамытады. Оқушының тілі, ақыл-ойы, сенсорлық және қозғалыс аймағы, сезімі, ерік-жігері, қажеттіліктері, мотивтері дамиды. Оқыту – жеке тұлғаны дамыту құралы. Қазіргі оқыту тек білім берумен шектелмей, оқушыны жан-жақты белсенді дамытуға, алдымен ақыл-ойды дамытуға бағытталған[8].

Бақылау бастапқыда адамдардың мінез-құлқының кейбір маңызды аспектілеріне негізделеді. Уақыт өткен сайын бақылаулардың мазмұны күрделене түседі, суретке материал таңдауда оқушының дербестік дәрежесі артады. Бала суретті көргенде адамның эмоциясының сыртқы белгілеріне, мимикасына, жүріс-тұрысына, дене қимылына қарап, бағалауды үйренеді.

Студенттердің адам сезімін түсіну тәжірибесі олардың салған сызбаларының мазмұнынан және адамдардың өмірлік оқиғаларға реакциясын сипаттауынан көрінеді. Адамдарды бейнелеу, олардың көңіл-күйін сурет арқылы бейнелеу тапсырмасының өзі баланың қоршаған ортаны батыл түсінуіне, адамдардың өз сезімдерін қалай білдіретінін байқауға көмектеседі, сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнер оқушысының жан дүниесін байытады. Н.М Сокольникованың өнер білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратындығын, болашақтың тәрбиесі соған байланысты екендігімен, балаға өнердің не екені туралы түсінік беру – мектептің басты міндеті. Баланы әлеммен таныстыру мәдениет (қоғам) өнер арқылы, мектеп ондағы өнер екенін түсінудің негізін құрайды. Бұл шығармашылық өзін-өзі тану және бұл шығармашылықты тек бейнелеу өнерінде ғана емес, кез келген қызметте: еңбекте, ойында және бір-бірімен қарым-қатынаста қолдануға болатынын дәріптеу[9].

- Белгілі бір өнер саласында өнерге кәсіби ұмтылуда білім мен дағдыны ұштастыру арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың негізгі бағыттары мен алғы шарттарын қарастыру, этнокөркемдік білімі бар тұлғаға жоғары баға беру, өнерге деген көзқарасын арттыру.

- Теориялық білімге сүйене отырып, мүсін және қыш өнерін тереңдетіп оқыту барысында студенттердің кәсіби шеберлігін тәжірибеде арттырудың шарттары мен жолдары, өнердегі жаңа технологияларды оқыту әдістемесі, сыныптан тыс берілген жұмыстарды қалыптастыру шарттары мен жолдарын ұсынады.

- Студенттердің кәсіби даярлығының өнімі болып табылатын өнер, ғылым және техника саласында студенттер арасында мотивациялық-еркін және функционалдық-коммуникативтік-рефлексиялық құралдардың негіздерін алға қою.

Еуропалық конференцияда өнер педагогикасы – дамытушылық педагогика, тұлғадағы адамды оятуға, шығармашылық мәдени тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ресей ғалымы Пагодинаның мектеп бағдарламасы аясында эстетикалық көркем білім, моральдық-этикалық аспектілері мен сұлулығын көре білу қабілетін дамытуға жауапты негізгі пән. Бейнелеу сауаттылығы білімдері 1-8 сыныптар аралығында оқытылатын бейнелеу өнері болып табылады. Бейнелеу өнері – құнарлы жер сүйіспеншіліктің өскіндері, Отанының патриоттары арқылы сезімдер мен эмоциялар студенттерді әлемді белсенді зерттеуге, себеп-салдар байланысын анықтауға ынталандыруы мүмкін. Бастауыш мектепте бейнелеу өнері баланы таныстырудың оңтайлы түрі болып саналады [10].

Массагет сайтының ақпараттық көздерінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің дүние, оның танымдық аппаратының даму шарты, жеке тұлғаның эстетикалық, адамгершілік, рухани ұстанымдарын қалыптастыру жеке тұлғаның рухани-адамгершілік өсуі ретінде көрсетеді. Орталық Азиядағы ең ірі жоғары оқу орны Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті орналасқан Түркістан қаласында, жоғарыда аталған ортағасырлық мәдениет ескерткіштерінің болуы Орталық Азиядағы ең үлкен оқу орнының дамуына үлкен мүмкіндіктер есігін ашты. Қазақстанның осы аймағындағы туристік кластерлер дами түсуде.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ысқақ Ә.И. Болашақ сәндік өнер мамандарының кәсіби даярлығын этнокөркемдік білім беру арқылы жетілдіру: дисс.....пед.ғылым.канд. - Шымкент, 2010. – 170 б. А.Нәлібаев. Алматы. Өнер. 1994
2. Г.Султанбаева.Қолөнер Қолдағы Тарих.
3. Муратбаева Г.А. Болашақ Өнертану Мамандарын Кәсіби Даярлау Жүйесі: Дисс...Пед.Ғылым.Докторы. - Астана, 2010. – 336 Б.
4. Уваров А.В. Экологический Дизайн: Опыт Исследования Процессов Художественного Проектирования: Дисс: Канд.Искусств-Я. – М., 2010. – 127 С.
5. Забалоцкая З.М. Использование Традиций Народной Одежды Якутов В Экодизайне Современного Костюма: Дисс..Канд. Искусств-Я. – Спб., 2010. – 222 С.
6. Глазачева А.О. Формирование Экологической Компетентности Будущих Дизайнеров В Профессиональной Подготовке: Дисс.. Канд. Пед. Наук.- М., 2009. – 127 180 С.
7. 44 Голованова Е.Н. Формирование Экологической Культуры Учащихся 8-11 Классов Общеобразовательной Школы Входе Проектно-Исследовательской Работы: Дисс...Канд. Пед. Наук.– М., 2010. – 131 С. Қолөнердегі Қордалы Тарих."Түркістан" Газетінің Авторлары 06.04.2006
8. Болатбаев Қ.К. Болашақ Бейнелеу Өнері Мұғалімдерін Дайындау Процессінде Халықтық Педагогиканы Қолдану: Дисс...Пед.Ғыл.Канд. - Алматы, 1995. – 188 Б
9. Сокольникова Н.М. Методика Преподавания Изобразительного Искусства: Учебник. – М.: Академия, 2019. - 254 С.
10. Погодина С.В. Детское Изобразительное Творчество Через Призму Художественных Эталонов И Концепции Трансформируемых Эстетических Архетипов: Монография. – М.: Флинта, 2017. - 158 С

**Ажибекова Гүлзейнеп Шаяхметқызы**  
Түркістан облысы, Кентау қаласы,  
Ш.Қанайұлы атындағы №2 жалпы білім беретін мектеп  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**«Масғұт» поэмасындағы кейіпкер даралығы**

<b>Бөлім:</b>	Қалың елім, қазағым
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты</b>	10.1.3.1- Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	<i>Барлық оқушылар үшін:</i> әдеби шығармадағы кейіпкерлерді таба алады. <i>Көпшілік оқушылар үшін:</i> көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралап көрсетеді. <i>Кейбір оқушылар үшін:</i> Кейіпкердің іс-әрекетіне сыни көзқарасын білдіреді
<b>Құндылықтарға баулу:</b>	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

**Сабақтың барысы:**

Сабақ кезеңі	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b> 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылардың назарын сабаққа аудару мақсатында оқушыларға «құнды пікір» банкومات карточкасы таратылады. <b>«Құнды пікір» карточкасы қолымда, Білім үшін инвестиция тұр жина. Бүгін - баға, ертең болар-ұпайың Жоғарғы оқу, мамандықтың жолында</b>	Бір - бір банкومات карточкаларын иеленеді		Құнды пікір банкوماتы және карточкалар
<b>Үй тапсырма сын тексеру</b> 2 минут	<b>«Көршінді тексер» әдісі</b> Білім алушылардың көрші отырған оқушымен дәптерлерін ауыстырып, тапсырманың орындалуын тексеруін талап етеді Поэмаға композициялық-сюжеттік талдау жасау	<b>(коммуникация дағдысы)</b> Білім алушылар бір-бірінің дәптерлерін алып, үй тапсырмасын тексеріп, бағалайды.	Дұрыс болған жағдайда <b>1 ұпай</b> алады. Карточка дағы сан реті жылжиды.	Бағалау карточкасы
Өткенге шолу жасау	<b>Оқу сауаттылығы</b> бойынша сұраққа жауап беру тапсырмасы	Жауаптарды дәптерге жазады <b>(координация)</b>	Дұрыс болған жағдайда <b>1</b>	Бағалау карточкасы

<p><b>10 минут</b></p>	<p>1. Қыдыр аян берген де жауын суымен не келеді деген еді? 2. Еңбексіз мал дәметкен – ненің белгісі? 3. Масғұт қандай қызмет атқарды? 4. Оқиғаға құрылып, өлеңмен жазылған шығарма не деп аталады? 5. Халық сөзінің орнына қандай сөзді қолданды? 6. Дәл осы оқиға желісі орыстың қай жазушысында кездеседі? 7. Масғұт өмір сүрген заман 8. Тургеневтің шығармасындағы басты кейіпкер 9. Шаһар сөзінің синонимі 10. Тургеневтің шығармасы</p>	<p><b>дағдысы)</b> Жаңа тақырыпты ашады <b>1 Кесапат</b>  <b>2 Қайыршылық</b>  <b>3 Уәзір</b>  <b>4 Поэма</b>  <b>5 Көп</b>  <b>6 Тургенев</b>  <b>7 Арун -Рашид халифа</b> <b>8 Жапар</b>  <b>9 Қала</b> <b>10 Шығыс аңызы</b></p>	<p><b>ұпай</b> алады. Карточка дағы сан реті жылжиды. 1-1,2 2- 3 3-4 5-1 6-5,2  7-5 8-4,5 9-2,3 10-2,3,4</p>	
<p><b>Жаңа сабаққа кіріспе</b> <i>5 минут</i></p>	<p>Тақырыппен және оқу мақсатымен таныстырады <b>Кейіпкер-</b> көркем шығармадағы іс-әрекеттің иесі. Олар төмендегідей болып жіктеледі <b>Басты және қосалқы Жағымды және жағымсыз</b> Поэма бойынша талдау сұрақтары қойылады</p>	<p>Тақырыпты дәптерге жазады Сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Дұрыс болған жағдайда <b>1 ұпай</b> алады. Карточка дағы сан реті жылжиды.</p>	<p>Дәптер және қаламсап</p>
<p>Саралау тапсырмалар <i>3 минут</i> орындау үшін Таныстыру <i>1 минут</i> Жалпы <i>8 минут</i></p> <p>Орындау уақыты <i>3 минут</i> Таныстыру <i>4 минут</i> <b>Жалпы</b> <i>7 минут</i></p>	<p><b>1- тапсырма</b> Тұжырымдамалық кесте беріледі (Масғұт, Қыдыр, ұры, хан, халық) <b>Кейіпкер</b> <b>Мінездеме</b> <b>Шығармадан дәлел</b> <b>Сәйкес келетін мақал -мәтел</b> <b>Беретін бағаңыз</b> <b>Себебі</b></p> <p><b>2-тапсырма</b> Масғұт пен Абай арасында қандай байланыс бар?</p>	<p><b>Топтық жұмыс</b> (командалық дағды) <b>Кестені толтырады.</b> <b>Дескриптор</b> 1. Мінездеме береді 2. Шығармадан дәлел келтіреді 3. Сәйкес келетін мақал - мәтел табады 4. Баға береді және себебін түсіндіреді</p> <p><b>Жұптық жұмыс</b> (Креативті дағды) <b>Венн диаграммасы</b> <b>Дескриптор</b> 1. Ұқсастығын табады 2. Айырмашылығын анықтайды</p>	<p><b>4 ұпай</b> алады. Карточка дағы сан реті жылжиды.</p> <p><b>2 ұпай</b> алады. Карточка дағы сан реті жылжиды.</p>	






<p><b>Сабақтың соңы</b> Бейне ролик 3 минут Пікір айтуға 4 минут беріледі <b>Жалпы</b> 7 минут <b>Кері байланыс</b> Бағалау 2 минут</p>	<p><b>Көрсетілім.</b> «Бір тал гүл-бір тағдыр». Проблемалық сұрақ. Тілі жоқ гүл адам өмірін өзгертуге мүмкіндік алғанда, ақылы мен тілі бар адам баласы айналасындағылардың ойын өзгертуге мүмкіндігі болмады ма? <b>«Құнды пікір»</b> карточкасына бүгінгі сабақтан алған әсерін жазуды сұрайды</p>	<p><b>Жеке жұмыс</b> (Креативті дағды)  Білім алушылар <b>«Еркін микрофон» әдісі</b> арқылы өз ойларын ортаға салады  Алған әсерін жазады және жинаған инвестиция санын айтады</p>	<p>Пікір білдірген әрбір білім алушы 1 ұпайдан алады. Карточка дағы сан реті жылжиды. «Құнды пікір» банкоматы на салады</p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=283bS9HxFTs&amp;t=52s">https://www.youtube.com/watch?v=283bS9HxFTs&amp;t=52s</a>  «Құнды пікір» банкоматы және карточкалар</p>
<p><b>Үйге тапсырма</b> 1 минут</p>	<p>«Масғұт» поэмасының идеясын 37 қарасөздегі Абай пікірімен ұштастыру.</p>			



**Жүніс Бибиасия Нұғманқызы**  
Түркістан облысы Кентау қаласы  
Ы. Алтынсарин атындағы №1 мектеп - гимназия  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі






### Абайдың «Бірінші қарасөзі»


<b>Бөлім:</b>	<b>Абайды оқы, таңырқа</b>			
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	6.1.2.1. әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. 6.2.2.1. эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.			
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Абайдың бірінші қара сөзінің жанрын, шығарма мазмұнын түсіну; <b>Көпшілігі:</b> шығармадағы көтерілген мәселені анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; <b>Кейбір оқушылар:</b> әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.			
<b>Сабақ барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>  0 - 8 мин	<b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1. Оқушылармен амандасу, түген деу. 2. Жағымды ахуал қалыптастыру. <b>«5 секунд» әдісі</b> <b>«Жақсы сөз –жарым ырыс»</b> Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе! Адамдықты көздесең,	Оқушылар назарын сабаққа аудару.		6-сынып Қазақ әдебиеті оқулығы



<p>9 – 16 мин</p>	<p>Жаттап тоқы көңілге! — деп Сұлтанмахмұт айтқандай Абай — туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, ана тілінің, қазақ поэзиясының гулдеуіне зор үлес қосқан қамқоршысы</p> <p>Олай болса, Абай өмір сүрген кезеңге көз жіберейік.</p> <p><b>Оқушыларды топқа бөлу</b></p> <p>1-топ Талап 2-топ Еңбек 3- топ Қанағат 4-топ.Тереі ой</p> <p><b>Үй тапсырмасы. «Кездейсоқ таңдау»</b></p>  <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абай қай жылы туған? Туған жері қайда?</li> <li>2. Абайдың табиғи лирикасына қатысты қандай шығармсын білесіз?</li> <li>3. Абай аудармаларын атаңыз.</li> <li>4. Абай ел билеу ісіне қанша жасынан бастап араласты?</li> <li>5. Абай айтқан бес асыл іс пен бес дұшпанды атаңыз?</li> <li>6. Абайдың анасының аты кім?</li> <li>7. Абайдың орыс досы кім?</li> <li>8. Абайдың поэзияға деген қызығушылығын оятқан кім?</li> </ol>	<p><b>«Кездейсоқ таңдау»</b></p> <p>әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтау</p> <p>Оқушылар берілген арнайы сұрақтарға жауап береді.</p>	<p><b>ҚБ</b></p>  <p>1 ұпай</p>	
<p>Жаңа сабақ</p> <p>17 – 25 мин</p>	<p><b>Миға шабуыл «Сандар сөйлейді»</b></p>  <p>Медреседің үш жыл оқыған. Үш поэма жазған: «Ескендір», «Масғұт» «Әзім әңгімесі»</p> <p>Абай 1845 жылы <b>оныншы</b></p>	<p>Оқушылар «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы сандарды Абай өміріне қатысты жауаптармен сәйкестендіреді.</p>	<p>1 ұпай</p> <p><b>ҚБ</b></p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=8O0rq3UZbVI">https://www.youtube.com/watch?v=8O0rq3UZbVI</a></p> <p><a href="#">6-сынып қазақ әдебиеті</a></p>

<p>26 – 29 мин</p> <p>Сабақтың ортасы 30 – 37 мин</p> <p>38-41 мин</p>	<p>тамызда дүниеге келген. <b>он</b> жасынан бастап өлең шығарған. <b>он</b> жасында медіресеге оқуға түскен.</p> <p>2022 жылы ұлы ақынның туғанына жүз жетпіс жеті жыл толды.</p> <p>«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамдықтың негізі болатын <b>бес</b> асыл іс пен адамзаттың жау саналатын <b>бес</b> дұшпан жайлы жырлайды.</p> <p>Ақын өзінің сөз өнеріндегі көркемдік қуаты мен даналық дүниетанымын даралап көрсететін <b>қырық бес қара</b> сөзін жазған.</p> <p><b>II. Мағынаны тану.</b></p> <p><b>Қара сөз (проза)</b> - көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден (поэзиядан) бір айырмасы - онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемдер сақталмайды. Қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын, әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі айрықша болады.</p> <p><b>Ғақлия</b> - көркем қара сөз, нақыл сөздің бір түрі, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер, трактат. Ғақлия араб сөзі «дана сөз», «даналық маржан сөздер» деген ұғымды білдіреді</p> <p>Оқушылар Абай Құнанбайұлының «Бірінші қарасөзімен» танысады. <a href="https://www.youtube.com/watch?v=8O0rq3UZbVI">https://www.youtube.com/watch?v=8O0rq3UZbVI</a></p>  <p>Оқушыларға Абайдың «Бірінші сөзін» тыңдату арқылы идеялық мазмұнын жеткізу.</p> <p><b>Тілемсек</b> – сұраншақ, тіленшек, емінгіш.</p> <p><b>Кездеме</b> – мата.</p> <p><b>Харекет</b> – іс-әрекет</p>	<p>Қарасөз туралы теориялық білім алады.</p> <p>Оқушылар Абай Құнанбайұлы-ның «Бірінші қара сөзімен» танысады.</p> <p>Оқушылар оқып, қарасөз жазудағы ақын мақсатымен танысады, сыныптық талқылау жүргізеді.</p>	 <p>«Домбыра» бағалауы</p>  <p>ҚБ</p> <p>3 ұпай «Домбыра» бағалауы</p>	<p><a href="https://learningapps.org/display?v=pxmlqaw1k23">https://learningapps.org/display?v=pxmlqaw1k23</a></p>
--	---	--	--	--

<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p>41-45 мин</p>	<p><b>Софылық – сопы болушылық.</b>  <b>Сопы -дін жолына түмкен адам</b>  <b>Топтық жұмыс.</b>  <b>1-тапсырма.</b> «Сөз сиқыры» әдісі. «Бірінші сөзде» Абай не туралы айтады? Төменде көрсетілген QR КОД арқылы берілген тапсырманы орындап Абайдың бірінші қара сөзді жазудағы мақсаты не екендігін түсіндір.</p>  <p><b>Бірінші қарасөздегі автордың қарасөз жазудағы мақсатын анықта. Кестені толықтыр.</b></p> <table border="1" data-bbox="319 952 805 1288"> <thead> <tr> <th>Мақсаты</th> <th>Себебі</th> <th>Біздің түсінгеніміз</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Ел бағу</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Мал бағу</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ғылым бағу</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Софылық қылып, дін бағу</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Балаларды бағу</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Абайдың «Бірінші қарасөзіндегі» айтылған ойды анықтайды;</li> <li>• Берілген сөздерге түсінік береді;</li> <li>• Бірінші қарасөздегі автордың қарасөз жазудағы мақсатын анықтайды;</li> <li>• Ойын дәлелдейді.</li> </ul> <p><b>ҚБ Жұптық жұмыс.</b>  <b>2-тапсырма.</b> Викториналық сұрақ та. «Ойлан, тап»  <b>1. Абайдың бірінші қара сөзіндегі қай бағудан үзінді айтылған?</b>  <i>«Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ»</i>                  а/Мал бағу. б/Бала бағу</p>	Мақсаты	Себебі	Біздің түсінгеніміз	Ел бағу			Мал бағу			Ғылым бағу			Софылық қылып, дін бағу			Балаларды бағу			<p>«Сөз сиқыры» әдісі.                  «Бірінші сөзде» Абай не туралы айтады? Төменде көрсетілген ұғымдарға түсінік беріңдер.</p>  <p>Өте жақсы түсіндім</p>  <p>Жақсы түсіндім</p>  <p>Әлі де ізденуім керек</p>	<p><b>ҚБ</b></p>  <p>«Домбыра» бағалауы</p> <p>5 ұпай</p>	
Мақсаты	Себебі	Біздің түсінгеніміз																				
Ел бағу																						
Мал бағу																						
Ғылым бағу																						
Софылық қылып, дін бағу																						
Балаларды бағу																						

	<p>с/Софылық қылып, дін бағу.</p> <p><b>2. Абай алғаш қара сөзді жазғанда неше жаста еді?</b> а/ 45 б/40 с\ 42</p> <p><b>3. «Ғақлия» сөзі қай тілден енген сөз?</b> а/ Орыс б/ Өзбек с/ Араб</p> <p><b>4. «Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың?» үзінді бірінші қара сөздегі қай бөлігінен алынған?</b> А Ел бағу б /Мал бағу С/ Ғылым бағу</p> <p><b>5. Абай қара сөзді қай жылдар аралығында жазды?</b> а/1890-1898 ж.ж б/1847-1853 ж.ж с/1880-1890 жж.</p> <p><b>6. 1818 ж. Абайдың қара сөздері қай баспасөзге жарияланды?</b> а/ «Айқап» газеті б/ «Абай» журналы с/ «Қазақ» газеті</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Берілген сұрақтарды оқиды;</li><li>• Дұрыс жауабын анықтайды:</li></ul> <p><b>ҚБ:</b> <b>Кері байланыс.</b> «Білім қоржыны»</p>  <p><b>Үйге тапсырма</b> «Абай қара сөздерін оқығаннан кейінгі менің ойларым» тақырыбында эссе жазу</p>			
--	---	--	--	--



**Байтелиева Айман Базарбаевна**  
№40 Нурлан бөбекжай бақшасы  
тәрбиеші

### **Бала отбасының айнасы**

Менің мамандығым - болашақтың жарқын бейнесі!

Әйел затының ең үлкен карьерасы – бала тәрбиелеу. Баланың көрегенді, өнегелі, рухының мықты болуы сіңірген тәрбиесінде. Осы орайда қазақтың бас ақыны «Абайды» тәрбиелеген әжесі Зере мен анасы Ұлжанның орны қашан да жоғары. Әкесінің тамыры терең жұмбағын шешіп, әжесі мен анасының даналығынан сусындаған Абайдың жүрегі «Қазағым» деп соқты. Рухы мықты, еңсесі биік тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыруда отбасында ата-ананың, балабақшада тәрбиешінің алатын орны ерекше.

Қазіргі таңда Отбасын асырау мақсатында әйелдер қауымының жұмысбастылығына байланысты бала тәрбиесінің ақсап жатқан тұсы тағы бар. Екі жақтан көтерген арбаның жүгі жеңіл демекші, екі жақтан берілген тәрбие де терең. Отбасында ата-анасынан қолдау көрмеген балаларға анасы ретінде де тәрбиелеуге тура келеді. Баланың қуанышы тәрбиешінің қуанышы. Баланың проблемасы тәрбиешінің проблемасы.

Тәрбиешілерге бағыт-бағдар беріп, бала тәрбиелеудегі түрлі әдіс-тәсілдерді меңгерту менің негізгі жұмысым. Бірнеше жыл балабақшада тәрбиеші қызметін атқарып, баланың қыр сырын танып, тәжірибеде жинақтағанымды қазіргі таңда әдіскер ретінде тәрбиешілермен бөлісіп келемін.

Балабақша менің екінші үйім. Бүлдіршіндер пәктік пен тазалықтың және болашақтың жарқын бейнесі! Сондықтан, «Тәрбиеші» мамандығын киелі мамандық деп санаймын. Қызығы да бар, қиындығы да бар. Балалармен жұмыс істеген жан ғана бұл мамандықты түсіне алады деп ойлаймын.

Бауыржын Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзінде тәртіпке бағынуды меңзесе, дана Әл Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп, білім алу үшін алдымен тәртіпке ден қоюды айтқан. Бүлдіршіндерді білім ордасына қанаттандыру балабақшадан бастау алатындықтан, бала тәрбиесі біздің басты міндетіміз.

Заман талабына сай баланы өмірге бейімдеуде ауданымызда түрлі іс-шаралар мен семинарлар өткізілуде. Мақсаты - тәжірибе алмасу. Өзгеден үйреніп, өзгемен бөлісу. Бұл дегеніміз, күнделікті өтіліп жатқан сабақтарды түрлендіру. Жаңа әдіс-тәсілдерді алдымен тәрбиеші толық меңгеріп, сабағында балаға меңгерту. Жаңа бағытқа бет бұру. Олай дейтініміз, еліміздің жаңа қадамдарға бет бұруын балабақшадан бастау.

Топқа келген балалардың әрқайсы әртүрлі. Әрқайсысы әр үйдің еркесі, бұзығы, ақылдысы, тәттісі. Әр баланың жүрегіне жол тауып, ортақ тәрбиеге бейімдеу үлкен ізденіс пен жан-жақта қабілеттілікті талап етеді. Тәрбиеші тәрбие беруден бұрын өзі тәрбиелі, білімді және қабілетті болуы тиіс. Тәрбиешіге дұрыс бағыт беріп, оның іске асуын қадағалау менің басты міндетім.

«Тәрбие - тал бесіктен басталады» десек, тәрбие беруден кеш қалғанымыз. «Тәрбие – құрсақтан басталады». Құрсақтан беріледі дегеніміз, өзіңізден беріледі деген сөз. Өзіңізден беріледі деген сөз, өзінді тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан, білімді мемлекет болуда тәрбиеге мән беру балабақшаның басты міндеті. Бұл міндетті жүзеге асыруда тәрбиеші мамандардың маңызы өте зор!

Еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлесімді қосу менің адамдық та, аналық та парызым. Бала біздің бақытымыз, қуанышымыз, болашағымыздың жарқын бейнесі! Отбасымда ұл қыздарым мен немерелерімнің тәрбиешісі, ал балабақшада тәрбиешілерім мен балалардың тәрбиешісімін.

Бар бақытымды баладан табатын мен бұл қызметімді әйелдің ең үлкен карьерасы – бала тәрбиелеу деп білемін!

**Әбіләз Нұрлан Кәрібайұлы**  
Түркістан облысы Ордабасы ауданы  
Ө.Тұрманжанов атындағы жалпы орта мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### БАҚАНЫҢ ӘЛЕГІ

**Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді.**


<b>Сабақтың мақсаты:</b>	5.1.3.1-көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;
<b>Бағалау критерийлері:</b>	1. Повестен үзіндіні оқып, талдай алады. 2. «Құнды пікір» әдісі бойынша өз ойларын ортаға салып талқылай алады. 3. Бөлім бойынша композициялық талдау жасай алады.

#### Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Ұйымдастыру</b>	<b>Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру <i>Бір-бірімізді тыңдаймыз десек</i> <i>1 рет қол шапалақтаймыз!</i> <i>Ұйымшыл боламыз десек 2 рет</i> <i>Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!</i> Шаттық шеңберінде тұрып шығармадағы кейіпкерлерді таңдау арқылы 4 топқа бөлінеді.	Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Жұмыс дәптерлері. Қима қағаздар
<b>Өткен білімді еске түсіру</b>	“Кезбе тілші” әдісі арқылы үй жұмысын сұрау. 1. Б. Соқпақбаев қай жылы, қай жерде дүниеге келді? 2. Б. Соқпақбаевтың тағы да қандай шығармалары бар? 3. Қожаны неге сыныптастары қара Қожа деп атайды? 4. Қожа газеттен қандай мәлімет оқыды?	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасайды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.	«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.  Сұрақтарға жеке жауап береді.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.
<b>Жаңа білім</b>	«Бүгіндегі кейіпкер» әдісі Оқушылар шығармадағы кейіпкерлерді таңдау арқылы 4	Оқушылар кейіпкерлерді таңдау	<b>Қалыптастырушы бағалау:</b>	Жұмыс дәптерлері.



	<p>топқа бөлінеді. 1-топ. Жантас 2-топ. Жанар 3-топ. Қожа 4-топ. Сұлтан</p> <p><i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</i></p> <p><b>1-тапсырма:</b></p> <p>Мәтіндегі үзіндіде не туралы айтылған? «Түртіп алу» әдісі арқылы мәтінде кездескен негізгі ұғымдарды дәптерлеріне жаздырады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> -Мәтінмен танысады. -Дәптерлеріне жазады.</p>	<p>арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>Ұжымдық талқылау жасайды. Жаңа сабақтың тақырыбы, мақсатымен танысады.</p> <p>Мәтінді оқып, топтық талдау жасап, топ арасында пікір алмасады.</p>	<p><u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.</p>	<p>Қима қағаздар</p> <p>Үлестірмелі материал-дар, таза парақ, түрлі түсті маркерлер</p>
<p><b>Бекіту</b></p>	<p><b>2-тапсырма:</b> Топтарға тапсырма: <b>I топ:</b> <i>“Теріп алу” әдісі бойынша тапсырманы орында</i> <b>Қожа</b> алғыр, пысық, өтірікші, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз <b>Жантас</b> әділетті, ақын, әзілқой, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі, жағымсыз <b>II топ:</b> «Эмоция кестесі» әдісі бойынша хикаяттағы негізгі оқиғаларды жазып, Қожаның көңіл- күйін анықтау <b>III топ:</b> «Венн диаграммасы» әдісі арқылы хикаяттағы Қожа мен Жантасты салыстыру <b>Дескриптор:</b> -Кейіпкерлерге мінездеме береді. - Кестені толтырады. -Екі кейіпкерді салыстырады</p> <p><b>2-тапсырма:</b></p>	<p><b>Жазылым.</b> «Теріп алу», «Эмоция кестесі», «Венн диаграммасы» әдіс-тері мен сәйкестен-діру арқылы тапсырмалар орындалады.</p> <p>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады.</p> <p>Кейіпкерлерді еске түсіре отырып, екеу ара пікірталас жүргізіледі.</p>	<p>Топтар бірін-бірі бағалайды</p> <p>Жұптық жұмыс «Бағдаршам</p>	<p>Үлестірмелі материалдар, таза парақ, түрлі түсті маркерлер</p> <p>A4 парақ, маркерлер</p>

	<p><b>“Жұптас,ізден,ойлан ” әдісі арқыл жүзеге асырылады.</b></p> <table border="1" data-bbox="300 275 727 450"> <tr> <td data-bbox="300 275 440 360"><b>Кейіп-кер</b></td> <td data-bbox="440 275 727 360"><b>Бұлар кімдер?</b></td> </tr> <tr> <td data-bbox="300 360 440 405"></td> <td data-bbox="440 360 727 405"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="300 405 440 450"></td> <td data-bbox="440 405 727 450"></td> </tr> </table> <p><b>Дескриптор: -Кестені толтырады.</b></p>	<b>Кейіп-кер</b>	<b>Бұлар кімдер?</b>					<p>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады</p>	<p>әдісі» арқылы бағаланады.</p>	<p>Оқулық Кесте парағы</p>
<b>Кейіп-кер</b>	<b>Бұлар кімдер?</b>									
<p><b>Кері байланыс</b></p>	<p><b>«ПОПС» әдісі.</b> Бағалау мен салыстыру мақсатында орындатады. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....» Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Мұғалім оқушыларды <b>«Жапондық бағалау»</b> әдісі арқылы бағалайды. Яғни «Дұрыс келі-семін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p>							



**Наурызбаева Зейнеп Бауыржанқызы**  
7 - сынып оқушысы  
Түркістан облысы Сарығаш ауданы  
"№ 59 жалпы орта білім беретін мектебі"  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

жетекшісі: **Козыбаева Акерке Жумабаевна**  
биология пәні мұғалімі

## **Бал және оның емдік қасиеттері**

*Ғылыми жоба тақырыбы*

**Зерттеудің мақсаты:** балдың ерекшеліктерін, оның емдік қасиеттерін, құрамын, сорттарын зерттеу, сонымен қатар табиғи балды анықтау әдістерін анықтау.

### **Зерттеу жұмысының міндеттері:**

- Осы тақырып бойынша әдебиеттермен танысу;
- Балдың түрлері мен оның қасиеттерін қарастыру;
- Балдың емдік қасиеттерін, сондай-ақ оны анықтау әдістерін зерттеу.
- Бақылау және эксперимент жүргізу.
- Қорытынды жасаңыз және ұсыныстар беру.

**Күтілетін нәтиже:** Ара балының емдік қасиеттері бар. Біз сапалы балды эмпирикалық жолмен анықтауға болады деп болжадық.

**Зерттеу нысаны:** балдың емдік қасиеттері

**Зерттеудің әдіс-тәсілдері:** сараптау, ой қорыту, жалпылау салыстыру, жинақтау және талдау

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:** Зерттеу нәтижесінде жинақталған материалдар болашақта дүниетану, жаратылыстану, биология пәндерінен элективті курстардың бағдарламасына енгізуге болады.

Талданған деректерді өскелең ұрпақ сұранысын қанағаттандыру мақсатында таңдау курстары мен үйірме жұмыстарына көмекші құрал ретінде пайдалану, және тәрбие сағаттарында қолдануға болады.

## **I. КІРІСПЕ**

Ара балының емдік қасиеті ерте кезден-ақ белгілі болып, түрлі ауруларға қарсы әркім өзінше пайдаланып келген бал суық тигенде, жүрек, өкпе, бауыр, асқазан, бүйрек, ішек, жүйке ауруларына, аптап ыстықта қан қысымының көтерілуі сияқты дерттерге аса шипалы. Балды созылып, асқынып кеткен жарاقاتқа, терідегі сызат-жараларға жағуға болады.

Бал - жоғары каллориялы диеталық тағам. Аралар оны негізінен балды өсімдіктер гүлінің шырынынан жинайды. Гүл шырынының балы жөке, қарақұмық, беде күнбағыс, күреңот өсімдіктерінен алынады. Балдың химиялық құрамы шырынды өсімдіктердің түріне, сол өсімдіктер өсетін жердің табиғат жағдайына және балды өңдеу әдістеріне байланысты. Гүлден жиналған бал құрамында (орта есеппен): 13-20% су, 80%-дан астам көмірсу (негізінен қант түрлері глюкозид пен фруктоза), 0,4% ақуыз, сонымен бірге онда минералдық, хош иісті және бояғыш заттар, ферменттер, дәрумендер (В1, В2, В3, В6,С, РР т.б.), органикалық қышқылдар, йод, мырыш болады. Тағы бір мәліметтерге қарағанда, балдың құрамында магний, натрий, калий, кальций, хлор, күкірт, темір, фосфор сияқты көптеген минералды заттар бар көрінеді. Бұл дәрумендер мен минералдардан бөлек, гормондардың кейбір түрлері кездеседі. Балдың түсі ақшыл (күреңоттан), сарғыш (аққараған, эспарцет, жөке, күнбағыстан), қоңыр күрең (қарақұмық, аршагүл, т.б) болып

келеді. Оның түсі мен иісі бал арасының қандай өсімдіктерден жинағанына байланысты. Дәм мен иіс жиынтығын бал «шоғы» деп атайды.

Жұмысшы бал арасының гүлді өсімдіктердің шырынынан өңдеп шығарған өнімі, қоймалжың, тәтті сұйық. Ара балы бір шырынды және көп шырынды болып бөлінеді. Бір шырынды бал – тек өсімдіктің бір түрінен ғана жиналған шырын. Оны өсімдіктің түріне (қаракұмық балы, жөке ағаштың балы, т.б.) қарай атайды. Көпшырынды бал – өсімдіктердің бірнеше түрінен жиналған шырын. Мұндай балды табиғи бал беретін өңірлерге байланысты (дала балы, тау балы, бақ балы, т.б.) әртүрлі атайды. Балдың химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, топырағына, ауа райының жағдайына және балдың түрлеріне байланысты болып келеді. Ара балының сапасын негізінен хош иісі, дәмі, түсі, тығыздығы, ылғалдылығы, қоректік және жабысқақтық қасиеттері арқылы ажыратылады. Бал – қуаты жоғары тамақтық азық. Оның 1 кг-ы 3250 кал. қуат береді. Бал адам организмін витаминдермен, ақуызбен, ферменттермен, т.б. тіршілікке қажетті заттармен байытады. Сондай-ақ балды асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, жүйке ауруларын емдеуге және суық тигенде қолданады. Ара балын косметикада, дәрі жасау өндірісінде пайдаланады. Балды құрғақ, жақсы желдетілген бөлмеде 50 С-тан 100 С-қа дейінгі температурада сақтайды.

## II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Балдың шығу тарихы



Ежелгі уақытта біздің ата — бабаларымыз тамақ іздеп ағаштардың қуыстарынан жабайы аралардың ұяларын тапты, ал оларда хош иісті зат-бал. Бұл адамдар дәм татқан алғашқы тәттілік болды. Содан кейін олар жабайы аралармен кездесті, олардың жасы, ғалымдардың пікірінше, бес миллион жыл. Жабайы аралар ешкімге тиесілі емес еді, ал бал мен балауыз оларды бірінші иеленгендердің меншігіне айналды. Кейінірек адам керемет эликсир беретін осы таңғажайып жәндіктерді өсіруді үйренді.

Осылайша жабайы аралар үйге айналды. Валенсияның (Испания) жанында табылған, адамның бал өндіруін бейнелейтін ең көне ескерткіш, ол тас дәуіріне жатады. Таста бал шығаратын аралармен қоршалған адамның бейнесі сақталған.

### Бал қалай қалыптасады?

Бал шикізаті-бұл гүл балшырындары (нектар). Нектар-бұл өсімдіктердің кейбір мүшелері шығаратын тәтті шырын. Гүлдің хош иісі мен жарқын түсімен тартылған аралар Бір тамшы балшырындарды жинайды. Ара балшырындарды ферменттерге бай сілекейімен байытады, сондықтан кері ұшу кезінде оның зобында процесс басталады, нәтижесінде балшырындар балға айналады.



Ұяға оралғаннан кейін, жинаушы ара өзінің балшырындарын қабылдаушы араға өткізеді, ол балшырындарды биохимиялық өңдеуді жалғастырады, содан кейін оны ұяшықтарға салады. Кәрездерде балшырындар химиялық өңдеуден өтеді, оны балдың «пісуі» деп атайды.

Балдың пісуі оның ылғалдылығы 18-20 пайызға жеткенде аяқталады және барлық дерлік сахароза ыдырайды. Піскен бал аралары жасушаларға балауыз қақпақтарымен мөрленеді.

### Балдың құрамы

Бал құрамында 65-80% фруктоза мен сахароза бар, құрамында дәрумендер, минералдар, органикалық қышқылдар, ферменттер, микроэлементтер, бактерияға қарсы заттар бар.

Балды жылы сумен немесе қантты балмен жылыту арқылы сіз температураны 60 градусқа дейін жеткізе алмайсыз-бұл бал құрылымы ыдырайтын, түсі өзгертін, хош иісі жоғалып, көптеген жылдар бойы балда өмір сүре алатын С дәрумені жойылатын шек.

### **Балдың емдік қасиеттері**

Балды адам ағзасына ерекше әсер ететін таңғажайып табиғи дәрі деп атауға болады:

- Бал зарарсыздандырады, микробтарды өлтіреді;
- Бал - бұл қуатты қуат көзі, өйткені оны адам ағзасы 100% сіңіреді;
- Қабынуға қарсы, қайтарғыш және сергіткіш әсер береді;
- Бал асқазан-ішек жолдарының жұмысын қалыпқа келтіреді, ішкі ағзалардың жұмысын ынталандырады;
- Бал склероздың алдын алады;
- Ұйқыны қалыпқа келтіреді;
- Дененің қорғанысын ынталандырады және т. б.
- Тістер мен бүкіл ауыз қуысы үшін бал дәмі толығымен жойылғанша балды мұқият және ұзақ уақыт шайнау өте пайдалы. Содан кейін балдың жаңа бөлігін алып, жақсылап шайнаңыз. Бұл кариестің, стоматиттің және гингивиттің керемет алдын-алу.

### **Балдың кейбір сорттарының емдік қасиеттері**

- Акация балы ұйқысыздық, асқазан-ішек, өт және бүйрек аурулары үшін жалпы тоник ретінде қабылданады.
- Линден бал-тонзиллит, мұрынның ағуы, ларингит, бронхит, жүрек-ішек жолдарының қабынуы, бүйрек және өт аурулары үшін. Ол экспекторант, қабынуға қарсы және жұмсақ лактивті әсерге ие.
- Дала балының тыныштандыратын әсері бар. Бас ауруы, ұйқысыздық, жүрек соғысы және жүйке бұзылуларынан туындаған ауырсыну үшін ұсынылады.
- Каштан бал-асқазан-ішек және бүйрек ауруларында.
- Қыша балы-тыныс алу жүйесінің ауруларында.
- Жалбыз балының холеретикалық, тыныштандыратын, анальгетикалық және антисептикалық әсері бар.
- Балқан балының экспекторант, қабынуға қарсы және анальгезиялық әсері бар.
- Күнбағыс бал-асқазан-ішек коликіне ұсынылады, организмнен токсиндерді жақсы кетіреді және көбінесе диуретик ретінде қолданылады.

### **Бал түрлері**

Бал аралар бал жинайтын өсімдіктерге байланысты атау алады.

Түсі бойынша, балдың әр түрінің өзіндік түсі бар.

- Гүлді бал-ашық сары,
- Линден бал – кәріптас түсті,
- Күл-су сияқты мөлдір,
- Қарақұмық-қоңыр түстің әртүрлі реңктері бар.
- Сұйық түріндегі акация балы мөлдір болады, қант қосылған кезде ол ақ және кристалды болады, қарға ұқсайды.
- Таңқурай бал-ашық ақ түсті, өте жағымды хош иісі бар.
- Алма балы-ашық сары.

### **Хош иіс бойынша:**

- Нағыз бал хош иісті.
- Қант қоспасы бар балдың хош иісі жоқ және оның дәмі тәттілендірілген судың дәміне жақын.

**Тұтқырлығы:** Нағыз бал ұзын, үздіксіз жіптің таяқшасынан кейін созылып, балдың бетінде мұнара, пагода пайда болады, содан кейін ол баяу таралады. Жалған бал желім сияқты әрекет етеді: ол көп мөлшерде ағып кетеді және таяқшадан төмен түсіп, шашырайды.

### **Консистенциясы бойынша:**

- Сұйық бал
- Кристалданған. Кристалдану-бұл балдың табиғи процесі, оның сапасы мен қоректік заттардың құрамына әсер етпейді.



Балды кішкене бөліктерде (шай қасық) алыңыз және аузыңызда мүмкіндігінше ұзақ ұстаңыз. Содан кейін Бактерияға қарсы заттар ауыз қуысы мен тамақтың шырышты қабығымен жақсы сіңеді және олардың емдік әсерін тезірек көрсетеді.

Балмен емдеу тек көмірсулардың мөлшерін шектеуге кеңес беретін науқастарға және бал аллергиясы бар адамдарға қарсы.

**Маңызды:** бір жасқа дейінгі балаларға бал беруге болмайды, өйткені ол улануға әкелуі мүмкін.

### **Балдың жанама өнімдері**

Бал өндіру процесінде төрт негізгі жанама өнім пайда болады: балауыз, тозаң, корольдік желе және прополис.

Балауыз балшырындарды балға өңдеу кезінде араның іш қуысында жасалады. Аралар бал толтырылған ұяшықтарды жабу үшін балауызды пайдаланады. Балауыз косметологияда, фармакологияда, өнеркәсіпте қолданылады.

Забрус-бұл аралар балды жабатын "есіктер". Забрус халықтық медицинада суыққа қарсы дәрі болып саналады.

Өсімдік тозаңы-бұл өте ұсақ ұнтақ, гүл пистилін қоршап тұрған антерлердің өнімі. Тозаң шаршауды жеңілдетеді, өміршеңдікті, көңіл-күйді арттырады, дененің ауа-райының өзгеруіне және басқа сыртқы факторларға бейімделуін жақсартады, шамадан тыс жүктеме, сарқылу кезінде дененің жұмысын қалыпқа келтіреді.

Ашыту болған тозаң перга немесе ара наны деп аталады. Ара нанында жоғары микробқа қарсы қасиеттері және биологиялық құндылығы бар аминқышқылдары, дәрумендер мен ферменттер бар.

Ара шаруашылығының бесінші өнімі де пайдалы: ара уы. Ол адамдарда көптеген ауруларды емдеу үшін кеңінен қолданылады.

### **Балдың сапасын анықтау әдістері**

Осы мәселе бойынша алынған ақпаратты талдау табиғи балды тәжірибелер арқылы анықтауға болатындығын көрсетті.

Үлгі ретінде біз гүл балының үш түрін қолдандық.

Тәжірибелердің мақсаты: сапалы балды анықтау.

#### **1. Нағыз бал қасықтан тез оралмайды:**

1) Біз бір ас қасық бал алып, жылдам дөңгелек қимылмен қасықты бірнеше рет айналдырдық. Оған бал құйылды, құмыраға ағып кетпеді.

2) біз қасықты бал контейнеріне батырдық. Қасықты шығарып, балдың ісінуінің сипатын бағалаңыз. Бал лентаны құрады, бұршақпен отырды, оның бетінде көпіршіктер пайда болды .

Қорытынды: балдың екі үлгісі баяу қасықтан құйылып, бұршақ түзеді. Бұл сапалы балдың белгілері. Үшінші үлгі қасықтан тез ағып кетті-бұл сапасыз бал.

#### **2. Балдағы суды анықтау**

Нағыз балда су іс жүзінде жоқ. Нанның бір бөлігін балға батырып, 8-10 минуттан кейін оны алыңыз. Сапалы балда нан қатайды. Егер керісінше, ол жұмсарған немесе жайылған болса, онда бұл қант шәрбаты. (Қосымша 3, сурет.2 балдағы суды анықтау).

Қорытынды: балдың екі үлгісінде нан қатып қалды.

#### **3. Балдағы су мен қантты анықтау**

Мұны істеу үшін ылғалды жақсы сіңіретін төмен сұрыпты қағаз парағына бал тамшысын тамызу керек. Егер ол қағазға таралып, дымқыл дақтар пайда болса немесе тіпті ағып кетсе - бұл жалған бал. (Қосымша 3, сурет.3 балдағы су мен қантты анықтау).

Қорытынды: екі үлгіде бал таралмайды.

#### **4. Балдағы металды анықтау**

Мұны істеу үшін стаканға кішкене бал салыңыз, қайнаған суға құйыңыз, араластырыңыз және салқындатыңыз. Осыдан кейін сірке суының бірнеше тамшысын тамызыңыз. (Қосымша 3, сурет. 4

балдағы металды анықтау). Егер композиция қайнаған болса, онда балда металл бар. Бұл жалған бал.

Қорытынды: шешім қатып қалған жоқ, бұл жақсы балдың белгісі.

#### **5. Ұнды, крахмалды, крахмалды, қызылша сірнесін, борды анықтау**

Кейде нақты балдың тығыздығына қол жеткізу үшін сироп немесе піспеген балға ұн, крахмал, крахмал немесе қызылша патокасы, тіпті Бор да қосылуы мүмкін. Бұл заттардың балда болуын дәлелдеу үшін оны суда еріту жеткілікті (1:2). Жалған балдың ерітіндісі бұлтты және қызғылт болады, біраз уақыттан кейін стаканның түбінде тұнба пайда болады.

Қорытынды: балдың екі үлгісінде тұнба байқалмады, үшіншісінде ерітінді бұлтты болды (3-қосымша, күріш.5 балдағы ұнды, крахмалды, борды анықтау).

#### **6. Балдағы крахмалды анықтау.**

Мұны істеу үшін стаканға кішкене бал салыңыз, қайнаған суға құйыңыз, араластырыңыз және салқындатыңыз. Осыдан кейін бірнеше тамшы йод тамшылады. Егер композиция көк түске айналса, онда балға крахмал қосылады (3-қосымша күріш.6 балдағы крахмалды анықтау). Бұл жалған бал.

Қорытынды: балдың екі үлгісінің ерітіндісі көк түспеді.

#### **7. Нағыз бал шайға қараңғы түс береді.**

Бір кесе нәзік жылы шайға біз аздап бал қостық.

Қорытынды: балдың екі үлгісі нақты, өйткені шай қараңғыланды, түбінде тұнба пайда болмады. (Қосымша 3, сурет. 7 нағыз бал шайға қараңғы түс береді.

#### **8. Балдағы басқа қоспаларды анықтау.**

Бұл үшін қандай раскаленную проволочку (баспайтын жәшігі бар саймандар салатын) және төмен түсіру керек, оны мед. Егер оған жабысқақ бөтен масса ілулі болса - сіздің алдыңызда балға жалған, егер сым таза болып қалса-табиғи бал немесе басқаша айтқанда, толық

Қорытынды: сымда бөтен масса жоқ.

### **III. ҚОРЫТЫНДЫ**

Әрине, бал туралы тақырып өте көп қырлы. Осы жобамен жұмыс жасай отырып, мен көптеген пайдалы ақпаратты білдім, жұмысымның тезистері ақпараттық буклеттерде ұсынылды. Бал дәрумендерге, ферменттерге, микроэлементтерге және адамдарға пайдалы басқа заттарға бай табиғи өнім. Бал және оның емдік қасиеттері адамдарға ежелден бері белгілі. Табиғи балдың белгілі бір белгілері бар, оның сапасын жалған балдан ажыратуға болады. Эксперимент барысында балдың үш үлгісі тексерілді. Біз екі үлгінің жоғары сапалы табиғи бал екенін анықтадық, өйткені олардың хош иісі бар, қасыққа оралған (жетілген бал), тұтқыр, қоспалары жоқ, консистенциясы жұқа, нәзік: бал саусақтардың арасына оңай сіңіп, теріге сінеді. Балдың үшінші үлгісі табиғи балдың сапасына сәйкес келмеді.

Біз табиғи балды үй жағдайында анықтауға болатындығын дәлелдедік.

Менің осы тақырыпқа деген қызығушылығым артты. Көптеген адамдар балды емдеу құралы деп санайды. Сондықтан олар ауырған кезде оны пайдаланады. Бұл керемет. Өйткені, ауру кезінде балды жеу қалпына келтіру процесін тездетеді.

Мен өз зерттеулерімді жалғастыруды жоспарлап отырмын. Мені медицинада балды қолдану өте қызықтырады. Мен мықты және дені сау адам болуды армандаймын. Сондықтан бұл тақырып мен үшін өте маңызды.

Орта ғасырдың әйгілі дәрігері Авиценна былай деп жазды: "Егер сіз ұзақ өмір сүріп, жастықты сақтағыңыз келсе, бал жегеніңізді ұмытпаңыз".

**Ұсыныс:** Зерттеу нәтижесінде жинақталған материалдар болашақта дүниетану, жаратылыстану, биология пәндерінен элективті курстардың бағдарламасына енгізуге болады.

Талданған деректерді өскелең ұрпақ сұранысын қанағаттандыру мақсатында тандау курстары мен үйірме жұмыстарына көмекші құрал ретінде пайдалану, және тәрбие сағаттарында қолдануға болады.



**Айтахунова Гульбакыт Шерухановна**  
Алматы облысы Балқаш ауданы Қарой ауылы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### А.Құнанбайұлының қарасөздері

<b>Бөлім:</b>	<b>Өлең- сөздің патшасы</b>
Педагогтің аты-жөні:	<b>Айтахунова Гульбакыт Шерухановна</b>
Сыныбы: 10 А	
Сабақтың тақырыбы:	А.Құнанбайұлының қарасөздері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.1.5.1 Шығармадағы ұлттық құндылықтардың тақырыптармен үндестігін ашу
Сабақтың мақсаты:	<b><u>Барлық оқушылар :</u></b> <i>Өткен сабақтан алған білімдерін жинақтайды, салыстырады</i> <b><u>Көпшілік оқушылар :</u></b> Тақырып бойынша негізгі ойды анықтайды,мысалдар келтіреді <b><u>Кейбір оқушылар :</u></b> Шығармадағы ұлттық құндылықтарға дәлелдеме келтіреді
Құндылықтарға баулу:	Жалпы адамзаттық құндылық Сабақ мазмұны арқылы жеке,жұпта,топта бірлесіп жұмыс жасау; өзінің,өзгенің оқуына жауапкершілікпен қарау; адамгершілік,отбасылық,ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру
Пәнаралық байланыс	Әдебиет,тарих
АКТ-ны қолдану	А.Құнанбайұлының қарасөздері жайлы бейнеролик

### Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
<b>Сабақтың басы</b> <b>Қызығушылықты ояту.</b> <b>5 мин.</b>	<b>I. Ұйымдастыру кезеңі</b> <b>II. Психологиялық ауалды реттеу</b> <b>Топтастыру</b> Ақынның өлеңінен берілген үзінді арқылы топқа бөлу Бағалау парақшасын таратады	Абайдың әні «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындайды  Тақырып бойынша топқа бөлінеді <b>1-топ « Ақыл» тобы</b> <b>2-топ « Жүрек тобы</b> Топ басшысын сайлайды, ережесімен таныстырады	
<b>Сабақтың ортасы</b> <b>10 мин</b>	«Ой шақыру» әдісі бойынша өткен сабақпен байланыстыру	<b>1-тапсырма</b> «Жұлдыздар аллеясы» әдісін қолдануда жұлдыздардың артында жасырынған сұрақтарға жауап іздейді. <b>2-тапсырма</b> Берілген парақшадағы сөздерді	<b>Дескриптор:</b> 1.Өз ойын жинақтайды 2.Сұрақтарға жауап береді

<p><b>10 мин</b></p>	<p><b>«Таңдап ал» әдісі</b> бойынша оқушыларға бірнеше парак таратылады</p>	<p>« Ақыл» тобы «Біз таныған Абай» қатарына «Жүрек» тобы «Халқы үшін не істеді?» қатарына орналастырады</p> <p>Тақтададан көрсетілген бейнеролик арқылы Абайдың қарасөздері турады мәлімет алады</p> <p><b>Топтық жұмыс</b> 3-тапсырма Алдын ала ала танысып келуге берілген тапсырма бойынша Абайдың он жетінші қарасөзіндегі кейіпкерлер образдарын сомдау (ақыл,қайрат,жүрек, ғылым)</p>	<p>Әр тапсырма бойынша кері байланыс</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1.Өз ойын жинақтайды 2.Талаптарды сақтайды</p>
<p><b>15 мин</b></p>	<p>Мағынаны тану Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіреді</p>	<p><b>3-тапсырма</b> « Ой қорыту» әдісі <b>1.«Ақыл» тобы</b> Ақын неліктен ақыл,жүрек,қайратқа ерекше көңіл бөлді? <b>2.«Жүрек» тобы</b> Ал ғылым неліктен осы үшеуіне төрелік жасады? Сұрақтарға жауап</p>	<p><b>Дескриптор:</b> 1.Тақырып бойынша білімдерін жинақтайды 2 Кейіпкерлер образын жасайды</p>
<p><b>Сабақтың аяғы</b> <b>5 минут</b></p>	<p><b>«Түртіп алу» әдісі арқылы сөздікпен жұмыс</b></p> <p><b>Оқулықпен жұмыс</b></p> <p><b>Кері байланыс</b></p> <p><b>Үйге тапсырма</b></p>	<p><b>4-тапсырма</b> Жеке жұмыс - Ғибадат-құлшылық ету - Ғақлия - асыл сөз - Мансап-атақ , дәреже - Рақым – қайырымды іс - Ақирет-о , дүние, бақи дүние -Нәфсі –адам жанының жаны мен тәнінің қалауы</p> <p><b>5-Тапсырма</b> Жұптық жұмыс Сәйкестендіру тапсырмасы <b>«Табыс ағашы»</b> әдісі бойынша кері байланыс жасайды Басы - Өте жақсы түсіндім Ортасы - түсіндім,алайда кедергілер кездесті Аяғы – сабақты меңгеру мен үшін қиындық туғызды <b>« Ғылымға жол»</b> тақырыбында ақынға хат жазу</p>	<p><b>Дескриптор:</b> 1.Алған білімдері бойынша өз ойларын жинақтайды 2 Топ ішінде талқыға салады</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1.Жұптық жұмыста өз ойын жинақтайды 2 Кестедегі сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді</p>



**Қайырова Раушан Үмбетқызы**  
Атырау қаласы, Алмалы ауылы  
“Бұлбұл” бөбекжай-балабақшасы  
тәрбиеші

### **Ойын арқылы оқыту қағидатын жүзеге асыру маңыздылығы**

Қазіргі қоғамның қарқынды даму сатысында мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруға және дамытуға қойылатын талаптар да күшейтілді. Жаңа білім беру кеңістігінің қалыптасуы адамның орасан ақпарат пен білімді игеруін ғана емес, қарым-қатынасқа, өзараәрекеттілік пен серіктестікке дайын және ашық болуын, тыңдау және тілдесе білу, пікір алмасу, қажетті ақпаратты іздеу қабілетін, меңгерген білімін қажетті сәтте қолдана білуін талап етеді. Бұл жерде білім беру үрдісі ойын арқылы оқыту, яғни іс-әрекеттік қағида бойынша құрылуы тиіс. Өйткені мектепке дейінгі балалық шақта ойын негізгі іс-әрекет түрі болып табылады, дәл осы іс-әрекет түрі мектеп жасына дейінгі балалардың өмірінде маңызды, салмақты орын алады.

Ойын - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту, қарым-қатынас құралдары арқылы әр түрлі іс-әрекеттерге үйрету, нәтижесінде түйінді дағдыларды қалыптастыруға негіз болатын балалар іс-әрекетінің бір түрі. Ойында бала тұлға ретінде дамиды, оның болашақ оқуы мен еңбек іс-әрекетінің сәттілігіне, адамдармен қарым-қатынасына оң әсер ететін психикасы қалыптасады.

Ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттің маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан ойын арқылы оқыту қағидаты бүгінде басымдық танытып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдарда кез келген ойындарға жетекшілік жасау үлкен педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Ойындарды тиімді пайдалану ұйымдастырылған іс-әрекеттің әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді.

Саналуан ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың зияткерлік қабілеттерін де дамытуға септігін тигізеді. Күнделікті тәжірибелерден байқағанымыз, қызықты материалдар білімді меңгерудің барлық сатыларында – жаңа материалды түсіндіру, оны бекіту, қайталау, бақылау кезеңдерінде қолданылады және балалардың ақпараттарды меңгеру деңгейін арттырады.

Қазіргі таңда тәрбиешілер балалардың өмірі мен күнделікті іс-әрекетін ұйымдастыру формасы ретінде ойындарды жан-жақты қарастыра бастады.

Кез келген ойынның артықшылығы:

1. Ойын баланың адамгершілік, жалпы құндылық қасиеттерін қалыптастыратын тәрбие міндеттерін шешу үшін қажет.

2. Ойынның өзіндік сипаты бар және дұрыс педагогикалық жетекшілік болған жағдайда оны тереңірек дамытады. Тәрбиеші балаларда жағымды шынайы өзара қарым-қатынас пен рөлдермен белгіленген адамгершілік құндылық қарым-қатынасының қалыптасуын назарға алуы қажет.

3. Ойынның бала өмірінің формасы ретінде маңызды ерекшелігі оның саналуан іс-әрекетпен кіріктірілуі болып табылады: еңбек пен ойын, оқу іс-әрекеті мен ойын, күн тәртібін орындаумен байланысты күнделікті тұрмыстық іс-әрекет пен ойын.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналаған ойындардың санауалан түрлері бар және олар өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Мәселен, дидактикалық ойындар – оқыту



формасы ретінде кеңінен қолданыс тауып отыр және бала тұлғасын дамытуға бағытталаған орасан зор ықпалды ойындар санатына жатады. Осы ойындар көмегімен бала өзін қоршаған әлем, заттық және табиғат әлемін ашады. Дидактикалық ойындар баланың есін, көру зейінін, логикалық және көрнекі-бейнелі ойлауын дамытады.

Келесі қимылды ойындарды алсақ, бұл ойын түрі тәрбиешінің балалармен бірге өзараәрекеттестігінің маңызды бөлігі. Қимылды ойындар балаларды сергітуге, дене сапаларын дамытуға ықпал етеді. Балабақшада қимылды ойындар жас ерекшелік топтарына сәйкес жіктеліп қолданылады.

Қимылды ойындар қатарында қазақ ұлттық ойындарын да қолдануға болады, ол ұлттық, патриоттық сезімдерді тәрбиелейді. Осыған орай ұлттық ойындарды мектеп жасына дейінгі балалардың жасына қарай іріктеп алу керек.

Ойынның саналуан түрлерінің ішінде сюжетті-рөлдік ойын тәрбие берудің таптырмас құралы болып табылады. Өйткені осы ойын барысында балалар шынайы өмірден алған жағдаяттарды негізге ала отырып, өз әрекетін, қарым-қатынасын көрсетеді, адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

Осы ойындармен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда театрлық ойындар, құрылыс ойындары, интерактивті ойындар, дамытушы ойындар және т.б. түрлері ұйымдастырылады. Қолданыстағы ойындардың әртүрлілігі оларды мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына бағыттайды, баланың мүдделерін және оның шындыққа қатынасын, басқа адамдармен қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтайтын психикалық процестер мен тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріндегі негізгі өзгерістерді анықтайды. Ойын барысында ересектердің дұрыс басшылығымен баланың тұлға ретінде қалыптасуы жүреді, ойында болашақта өмір бойы оқуға ықпал ету үшін қажет психиканың қасиеттері қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындарды оңтайлы ұйымдастыру үшін ойынның ұйымдастырылған іс-әрекеттің дидактикалық мақсатына сәйкестігі; ойындардың мазмұны мен формасына қарай әртүрлілігі; ойынның балаларға түсінікті және тартымды болуы; ойынға қатысушылардың белсенді шығармашылық позициясы; ойынның эмоциональды болуы секілді бірқатар педагогикалық шарттарды ескерген жөн.

Сипатталған педагогикалық шарттар негізінде ойынды ұйымдастырудың әдістемелік талаптары ұсынылады: оқу жылы басталмас бұрын жыл бойы өткізілетін материал тақырыбы бойынша ойын картотекасы алдын ала дайындалып, онда ойын мақсаты және керекті көрнекті құралдар белгіленуі тиіс. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізер алдында, яғни ойынға кірісер алдында тәрбиеші оның жүргізілуі мазмұнымен толық танысуы қажет. Өйткені атауы бір, бірақ ұйымдастырылу мазмұны, мақсаты өзгеше ойын болуы әбден мүмкін. Ойынға топтағы балалардың барлығының қатысуын, болмаса жеке балаға ықпал ету арқылы ойынға қатысуын қамтамасыз ету қажет. Олар ойнай отырып ойлауға, берілген сұраққа жауап іздеуге, жауап беруге үйренеді.

Жоғарыда сипатталаған тұжырымға түйін жасар болсам, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үрдісті ойын арқылы оқыту қағидаты негізінде жүзеге асыру маңызды талаптардың бірі. Осыған орай қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі – білім беру процесінде әртүрлі ойын түрлерін тиімді ұйымдастыра білу болып табылады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы ең алдымен, ойын барысындағы ойын мазмұнының саналуан бағыттының оң ықпал етуімен түсіндіріледі. Демек, ойын - бала табиғатына жақын іс-әрекет, әрі қай кезеңде де оқытудың маңызды бөлігі ретінде құнды болып қала береді.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.
3. Зак З.А. Методика развития интеллектуальных способностей у детей. М., 2001.
4. Ертлеуова Б.Ж. Ойын - балаларды оқыту мен тәрбиелеу формасы, «Білім айнасы» журналы, 2023ж



**Джунаева Жанар Мурсалимовна**  
Махамбет ауданы  
«Есбол» орта мектебі  
мектепалды сыныбының тәрбиешісі

### МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫБЫНДА БАЛАЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Жаһандық даму мен қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында болашақ ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның адамгершілік құндылықтары арқылы өз Отанының патриоты ретінде тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр. Еліміздің болашақ ұрпағының бойында қандай құндылықтар қалыптасатыны, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. Отанға деген құрмет, патриоттық сезім балалық шақтан бойға сіңіріледі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі ретінде: «...азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін құрметтеу, адамның еркін тұлға ретінде дамуы үшін өскелең ұрпақтың санасында құндылық бағдарын қалыптастыруды басымдықтар ретінде қамтиды» делінген [1]. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында өз Отанына, өз халқына, ана тіліне, ұлттық мәдениетке, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйіспеншілікпен және құрметпен қарауды тәрбиелеу маңызды.

Қазақстанда бүгінде еліміздегі қоғамдық келісімді сақтау және нығайту мақсатында біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі болып табылатын патриотизм, патриоттық тәрбие жүйесін құру өзекті мәселе тұр. Ал патриоттық тәрбиенің түйіні патриотизм деген не?

Психологиялық-педагогикалық сөздікте патриотизм «өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі, өзінің жеке және топтық мүдделерін елдің ортақ мүдделеріне бағындыруға, оған адал қызмет етуге және оны қорғауға дайын болу» деп анықтама беріледі [2].

«Патриотизм (грек. *Patris* - отан, атамекен) - бұл адамгершілік пен саяси принцип және Отанға деген сүйіспеншілікті, оған деген адалдықты, өткені мен бүгінгі үшін мақтанышты, Отан мүдделерін қорғауға деген ұмтылысты білдіретін әлеуметтік сезім» [3].

Мектепке дейінгі ұйымда жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшелігі бар, ол біріншіден, балалардың жас ерекшелігін, екіншіден, үлгілік бағдарлама мазмұнын негізге алады, үшіншіден, патриоттық тәрбие беру үдерісі тәрбиешінің педагогикалық шеберлігіне байланысты болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық дамуы олардың патриоттық тәрбиесінің құрылымына негізделеді. Жалпы патриоттық тәрбиенің сапасы жеке тұлғаның мақсат-мұраттарына, адамның өмір сүру салтына, не нәрсеге ұмтылатындығына қарай айқындалады. Олай болса, патриоттық тәрбие қалыптастыруда қызығушылықтың рөлі ерекше. Егер тұлғадағы қызығушылықтар өзінің мазмұны мен бағдарына қарай әлеуметтік тұрғыдан пайдалы болса, тұлға үшін мұндай қызығушылықтар құнды болады және ол тұлғаның құндылықтарды иелену деңгейін көрсетеді. Қызығушылық баланың рухани әлеуетін белсендендіріп, әрекетті жоғарғы деңгейге көтереді. Демек, балаларды өз елінің, туған жерінің рухани-мәдени мұраларымен таныстыра отырып, ерте балалық шақтан-ақ ұлттық құндылықтарды қалыптастырған жөн.

Қазіргі қоғамның жаңаруы жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні ерекшеленіп, ұлттық рухани құндылықтар ұғымы өзгеше сипат ала бастады. Тәуелсіздігіміздің, елдігіміздің белгісі ретіндегі адамгершілік құндылықтарымызды қазіргі қоғамдық өзгерістер жағдайында қайта қарап, мәні мен маңызын келешек ұрпаққа ұғындыру бағытындағы жұмыстардың қажеттілігі күн санап өсіп отыр. Осыған байланысты құндылықтар негізінде тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру мәселесі қарастырылып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағытында ұсынылған үлгілік оқу бағдарламасын зерделей келе, онда қарастырылатын патриоттық тәрбие беруге арналған материалдар жас ерекшелік топтарына қарай біркелкі қамтылғанын байқауға болады. Жас ерекшелік топтарына сәйкес патриоттық тақырыптар мен бағдарлама мазмұны күрделене түседі.

*Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып* бойынша бағдарлама мазмұнын талдар болсақ: Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу міндеті қойылған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - Қоршаған ортамен таныстыру бөлімінде «Адамгершілік және патриоттық тәрбие» тақырыбы бойынша «Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.

Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.

Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу» міндеттері қойылған.

Патриоттық тәрбие қалыптастыруда балалардың балабақша қабырғасынан қалыптасатын еліктегіштік, әсершілдік, белсенді іс-әрекетке құштарлық сияқты қасиеттерін патриоттық тәрбие қалыптастыруда есепке ала отырып, ол қасиеттерді дамыта түсуге болады, ал бұрын қалыптасып қалған ұнамсыз әдеттерді жоюға бағытталған жұмыс түрлері оқу үдерісі барысында жүзеге асырылды.

Сонымен, мектепалды сыныбында баланың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру нәтижесі ретінде мынадай ұлттық сипатын қарастырамыз: адамгершілік құндылықтарды танытын және оларға ұмтылатын, өзіндік сана-сезімі қалыптасқан, патриоттық тәрбиесі анықталған тұлға. Патриоттық тәрбие мектепке дейінгі шақтан бастау алып жалғасын табады және тұлғаның жан-жақты дамуына зор ықпал етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2007ж
  2. Психологиялық-педагогикалық сөздік. 8-том //жалпы редакция басқарған А.Ы.Ысқақов.- Алматы: Ғылым, 1985. – 591б.
  3. Қазақ энциклопедиясы. Бас редактор Қаратаев М. Алматы, 1976.-640б.
  4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022ж.– 79 бет.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Астана, 2022ж